



ТАҒАЙЫНДАУ



ЕЛШІЛЕР ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Мемлекет басшысының Жарлығымен Олжас Мұхамедғалымұлы Сүлейменов Қазақстан Республикасының Швеция Корольдігіндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі лауазымына тағайындалды.

Мемлекет басшысының Жарлығымен Сергей Нұртайұлы Нұртаев Қазақстан Республикасының Швеция Корольдігіндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі, Қазақстан Республикасының Дания Корольдігіндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметін қоса атқарушы лауазымдарынан босатылды.

Мемлекет басшысының Жарлығымен Қайрат Құдайбергенұлы Әбдірахманов Қазақстан Республикасының Нидерланд Корольдігіндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі, Химиялық қаруға тыйым салу жөніндегі ұйым жанындағы Қазақстан Республикасының Тұрақты өкілі қызметін қоса атқарушы болып тағайындалды.

Мемлекет басшысының Жарлығымен Асқар Қуанышұлы Жұмағалиев Қазақстан Республикасының Нидерланд Корольдігіндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі, Химиялық қаруға тыйым салу жөніндегі ұйым жанындағы Қазақстан Республикасының Тұрақты өкілі қызметін қоса атқарушы лауазымдарынан босатылды.

СӘН ТҮБІНДЕ МӘН БАР МА?

Зергерлер, люкс заттарын сататын дүкен желілері дабыл қағып жатыр. «Сән-салтанат заттары сатылуды қойды» дейді. Мұндай үрдіс Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде тіркелген. Салдарынан көптеген ірі брендтің акциялары құлдырау үстінде. Бұған не себеп? Шынымен, адамзат атақ-даңқ құмарлықтан кетіп, қанағат атты құндылыққа бой ұра бастады ма?



Қанағат пен қайырым қатар жүреді, қос канат секілді қатар қимылдайды. Бұлар өз кезегінде сабыр мен тыныштыққа, татулық пен бірлікке, қамқорлық пен мейірімділікке, жанашырлық пен жасампаздыққа бастайды. Мысалы, ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Абай облысының жұртшылығымен кездескенде қоғамдық сананы түбегейлі жаңыртумен айналысуымыз қажет екенін атап өтті.

— Жоғары мәдениет, озық білім және адал еңбек сияқты құндылықтар бұл жұмыстың өзегіне айналады. «Талап, еңбек, терен ой, Қанағат, рақым, ойлап қой» деген хакім Абайдың өсиеті жас ұрпаққа басты үлгі-өнеге болуы тиіс. Ұлы ақынның атап көрсеткен бес асыл қасиеті біздің бүгінгі

мақсатымызбен толық үндеседі. Ұлы Абай «Толық адам» деген ұғымды қазақ қоғамына ұсынған еді. Толық адам, бұл — болмысы кемел, көзқарасы терең, көкірегі ояу, еңбекшіл адам деген сөз. Қоғамда жаңа құндылықтар орнықтыру қажеттігі жөнінде үнемі айтып жүреміз. Ұлттық құрылтайда, «Жастар Рухының» съезінде және Түркістанда жұртшылықпен кездескенде бұған арнайы тоқталдым. Жастарымыз үш нәрсенің айрықша маңызды екенін түсінуі керек. Бұл — терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет, — деді Президент.

(Жалғасы 7-бетте)



БӘСЕКЕ БЕЛГІЛЕГЕН БАҒА БЕРЕКЕЛІ

Жақында еліміздің такси нарығына тағы бір шетелдік ойыншы енуі мүмкін деген хабар тараған болатын. Көлік министрі Марат Қарабаевтың мәлімдеуінше, эстониялық Bolt компаниясы Қазақстан такси саласында ынтымақтастық мәселесін қарастыруда. Билік өкілдері қазір «Яндекс» пен InDriver такси қызметтерінің жұмыс істеуі бәсекелестік орта құруға негіз деген пікірде. Дегенмен баға жағынан салыстырсақ, еліміздегі такси құны ТМД елдері арасында әлі де ең жоғары деңгейде екенін көруге болады. Ал баға мәселесінің төмендеуіне нарыққа жаңа ойыншының енуі түрткі бола ала ма?

→ 6

• БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

АЭС – ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ


Президент Жарлығына сәйкес елімізде АЭС салу не салмау туралы сұрақтың жауабын референдум арқылы халық шешеді. Дегенмен АЭС-тің пайдасы қандай, зияны бар ма деген мәселеде маманның пікірі маңызды. Біз экономист Сапарбай Жобаевпен атом энергиясының экономикалық тиімділігі және энергетикалық қауіпсіздігі туралы бір-қатар сұрақ төңірегінде әңгімелескен едік.



→ 4

ҚОРЖЫНДА – ҚОС АЛТЫН

Париж төрінде өтіп жатқан Паралимпиада ойындарында ұлттық құрама бес жұлде еншілеп үлгерді. Оның екеуі – алтын, екеуі – күміс, қалғаны – қола медаль. Өткен додалармен салыстырғанда көрсеткіш едәуір жақсарған. Төртжылдықты түйіндер бәсекенің аяқталмағанын ескерсек, ел қоржыны тағы да толығы бек мүмкін.



→ 16

АҚПАРАТ

7 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕНБІ



«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» МӘРЕГЕ ЖЕТТІ

Отбасы күні қарсаңында Астанада «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы қорытындыланып, жеңімпаздар марапатталды. Салтанатты іс-шараға Қазақстанның барлық аймағынан өңірлік кезеңдерде жеңіске жеткен отбасылар қатысты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев байқау жеңімпаздарына арнайы сәлемін жолдап, құттықтау хатын жіберді. Президенттің жылы лебізін Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев оқып берді.

Мемлекет басшысы өзінің құттықтау хатында Әділетті Қазақстан қалыптастыру жолында отбасы институтын қолдау маңызды қадам екенін атап өткен. Сондықтан елімізде бұл бағытқа баса мән беріліп, жүйелі шаралар қабылданып жатқаны да айтылды.

«Мерейлі отбасы» байқауы – ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға жол ашатын, өзіндік дәстүрі бар бірегей жоба. Халқымыздың асыл қасиеттерін өскелең ұрпақтың бойына сіңіру – бәрімізге ортақ міндет. Осы орайда әр отбасы айрықша рөл атқарады. Елімізде адал еңбегімен көпке үлгі болып жүрген өнегелі әулеттер аз емес. Бүгінгі салтанатты кеш – соның айқын дәлелі. Бұл байқаудағы әрбір отбасының жеңісін бірлігі жарасқан жұртымыздың мерейлі жетістігі деп бағалауға болады», – делінген Президенттің құттықтау хатында.

Өз сөзінде Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысы ұлтымыздың жаңа келбетін қалыптастыруда отбасы институты шешуші рөл атқаратынына үнемі назар аударып келе жатқанын айтты. Палата Спикері атап өткендей, Президент Ұлттық құрылтайдың отырысында жариялаған «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» тұжырымы ел идеологиясының іргетасы ретінде айрықша маңызға ие.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев отбасының әлеуетін көтеруге, ана мен баланы қорғауға, қоғамда дұрыс құндылықтарды дәріптеуге үнемі баса мән беріп келеді. Мемлекет басшысы өзінің Жолдауында да осы мәселелерге назар аударып, азаматтарымыздың әлауқатын арттыруға арналған кезекті әлеуметтік бастамалар кешенін жариялады. Мұның бәрі еліміздегі әр отбасының өміріне оң ықпалын тигізетіні анық», – деп, Мәулен Әшімбаев палатаның Мемлекет басшысы жүктеген міндеттерді іске асыру аясында атқарып

келе жатқан заңнамалық қызметіне тоқталып өтті.

Сондай-ақ биыл іске қосылған «Ұлттық қор – балаларға» атты ауқымды жоба жөнінде және соның аясында еліміздегі 7 миллион бала қамтылғаны сөз болды. Отбасыларды қолдауға және әйелдер мен балалар құқығын қорғауға арналған басқа да шаралардың маңызы айтылды.

Сенат Төрағасы байқау жеңімпаздарын құттықтай келе, адамгершілік және отбасылық құндылықтарды дәріптеу ісінде «Мерейлі отбасы» байқауы елеулі рөл атқаратынын айтты.

Жалпы жобаға бір салада ұзақ жылдар бойы жұмыс істеп келе жатқан еңбек династиялары, шығармашыл және мейірімділігімен танылған отбасылар, еріктілер мен меценаттар қатысып жатыр. Бұл да байқаудың бір ерекшелігі екені сөзсіз. Осы орайда биыл өңірлік кезеңде конкурста қатысу үшін Қазақстанның барлық аймағынан 3 369 өтінім келіп түскенін атап өткен жөн.

«Мерейлі отбасы – 2024» байқауында Ақмола облысынан келген – Көңбайлар, Алматы облысынан – Жанбаевтар, Ақтөбе облысынан – Нұрбаевтар, Абай облысынан Смағұловтар отбасы лауреат атанды. Сондай-ақ республикалық маңызы бар Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жеңімпаздары – тиісінше Әділбаевтар, Қапышевтар және Сыдықовтар отбасылары. Одан бөлек, Батыс Қазақстан облысынан – Хамзиндер отбасы, Қарағанды облысынан – Халабаевтар, Солтүстік Қазақстаннан – Хасеновтер, Атыраудан – Сырәлиевтер, Қостанайдан – Шукуровтер, Жамбылдан Танатаровтар, Жетісудан – Әлкеевтер, Павлодардан – Теміровтер, Ұлытаудан – Қыдырпатшаевтар, Қызылордадан – Бектаевтар, Маңғыстаудан – Мұқырбаевтар, Түркістаннан – Меңлібаевтар және Шығыс Қазақстан облысынан Қыдырхановтар отбасылары үздік деп танылды.

ЖАЛПЫ ОТЫРЫСТЫҢ КҮН ТӘРТІБІ НАҚТЫЛАНДЫ



Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.

Депутаттардың талқылауына Қазақстан мен Катар үкіметтері арасындағы басым салалардағы жобаларды дамыту үшін ұзақмерзімді стратегиялық әріптестік орнату туралы келісімді, сондай-ақ биологиялық материалмен алмасу туралы келісімді ратификациялау туралы заң жобалары енгізіледі.

Алдағы жалпы отырыста палата бірқатар жаңа заң жобасын жұмысқа алады. Олардың ішінде Мәжіліс депутаттарының бастамасымен әзірленген Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру бойынша «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодекске түзетулер енгізу туралы заң жобасы бар. Депутаттар бастамашы болған заң жобалада жер

қойнауын пайдаланудың бірыңғай платформасын құру көзделеді. Сондай-ақ алғашқы өтінім қағидаты бойынша жер қойнауын пайдалануға лицензиялар беруді ретке келтіру, жер қойнауының мемлекеттік қорын басқару бағдарламасының орнына аукциондар бағдарламасын тегі және бірқатар басқа да түзетулер енгізу көзделген.

Жиында депутаттар ратификациялауға жататын халықаралық құжаттарды жұмысқа қабылдауға тиіс.

Сонымен қатар VIII сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің өкілеттіктерін іске асырудың үшінші сессияға арналған негізгі іс-шаралар жоспары туралы да мәселе қаралатын болады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫ • ЦЕНТРАЛЬНАЯ КОМИССИЯ РЕФЕРЕНДУМА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

РЕФЕРЕНДУМ 2024

«РЕФЕРЕНДУМ ТАҒАЙЫНДАЛҒАН КҮН ТУРАЛЫ»

2024 жылы 6 қазанда республикалық референдум өтеді.

- Референдумға қатысу құқығына он сегіз жасқа толған Республика азаматтары ие болады.
- Референдум ерікті қатысу, еркін ерік білдіру, сондай-ақ азаматтардың жалпыға бірдей, тең, тікелей және жасырын дауыс беру қағидаттарына сай өтеді.
- Референдумда қойылатын сауал: «Сіз Қазақстанда атом электр станциясын салуға келісесіз бе?»
- Әркімнің дауысы маңызды!

Қазақстан Республикасының
Орталық референдум комиссиясы

УАҚЫТ БЕЛДЕУІ МӘСЕЛЕСІ МӘЖІЛІСТЕ ТАЛҚЫЛАНАДЫ

Кеше Мәжілісте өткен «AMANAT» партиясы фракциясының жиынында депутаттар өңірлердегі жазғы сапарлары кезінде сайлаушылар тарапынан көтерілген мәселелерді талқылады. Көп аймақта жиі көтерілген мәселелердің қатарында уақыт белдеуін қайта қарау тақырыбы болды. Талқылау нәтижесінде қоғамдық ауқымды ұсынысты ескере отырып, аталған мәселені мүдделі мемлекеттік органдар мен сарапшылар қоғамдастығы өкілдерінің қатысуымен өтетін Мәжілістің алдағы жалпы отырыстарының бірінде қарау туралы шешім қабылданды.

Сөз басында Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов депутаттардың өңірлерге сапары кезінде жиналған халықтың барлық проблемалық мәселесі жүйеленіп, оны шешу үшін Үкіметке жолданатынын атап өтті. Бұл жұмыстың қорытындысы жыл соңында Мәжілістің жалпы отырыстарының бірінде ашық қаралады.

Осы орайда бірқатар депутат Шығыс Қазақстан, Ақмола, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Абай және Жетісу облыстарының тұрғындарын толғандырған ең өзекті мәселелердің қатарында UTC+5 уақыт форматына көшу екенін атап өтті. Кездесулер барысында азаматтар депутаттарға дәл осы мәселеге байланысты туындаған қолайсыз-

дықтар туралы көп дәлел келтірді – түн ортасында таң атады, әдеттегіден әлдеқайда ерте қараңғы түседі. Мұның бәрі адамдардың күнделікті өміріне кері әсер етеді.

Бұған қоса, бастамашыл азаматтар тобы осы мәселе бойынша тиісті петиция жариялап, ол қоғамда қызу талқыға түсті. Жуырда өткен Мәжілістің пленарлық отырысында бұл мәселені «AMANAT» фракциясының мүшесі, Шығыс Қазақстан облысынан сайланған бірмандатты депутат Лұқбек Тұмашинов көтерді. Алайда Сауда және интеграция министрінің бұл мәселе үш жылдан кейін қаралады деген жауабын халық қалаулылары жеткіліксіз деп таныды.

Аталған мәселе бойынша депутаттар Лұқбек Тұмашинов, Ринат Заитов, Юлия Кучин-



ская, Дәулет Мұқаев, Нұртай Сабильянов, Асхат Аймағамбетов, Дүйсенбай Тұрғанов және өзге де азаматтар пікір білдірді.

Осы тақырып төңірегіндегі қоғамдық үлкен резонансты ескере отырып, талқылау нәтижесінде фракция депутаттары мүдделі мемлекеттік органдардың, ғалымдардың, са-

рапшылардың және өңірлердегі өкілдердің қатысуымен алдағы уақытта өтетін Мәжілістің жалпы отырыстарының бірінде уақыт белдеуін ауыстыру мәселесін ашық қарау туралы шешім қабылдады. Отырыс қорытындысы бойынша нақты ұсыныстар әзірлеп, оны Үкіметке ұсыну жоспарлануда.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ БАСЫМ БӨЛІГІ РЕФЕРЕНДУМҒА ҚАТЫСАДЫ

Қазақстандықтардың 57,8%-ы 6 қазан күні өтетін референдумға қатысуды жоспарлап отыр. 59,3%-ы АЭС құрылысына қолдау білдірді. Бұл – Қоғамдық саясат институты жүргізген әлеуметтік зерттеу нәтижелері.



Қоғамдық саясат институты 2024 жылғы 6 қазанда өтетін атом электр стансасын салу жөніндегі референдумға қазақстандықтардың көзқарасын зерттеуге бағытталған экспресс-сауалнама жүргізді. Зерттеуге Қазақстанның әртүрлі аймағынан 2000-нан астам тұрғын қатысты, олардың арасында жастар, зейнеткерлер, көпбалалы отбасылар және басқа да әлеуметтік топ өкілдері бар.

Институт директоры Мадина Нұрғалиеваның айтуынша, 2024 жылғы 6 қазанда өтетін республикалық референдум туралы жалпы алғанда респонденттердің 74,6%-ы хабардар. Сауалнамаға қатысушылардың 57,8%-ы референдумға қатысуды жоспарлап отыр, ал 59,3%-ы Қазақстанда АЭС салуды қолдайды. Дегенмен ел тұрғындарының АЭС құрылысы туралы пікірлері әлі де қалыптасу үстінде екенін атап өткен жөн.

«Біздің зерттеуіміз – халықтың басым бөлігінің алдағы дауыс беру туралы хабардар екенін және референдумға белсенді қатысуды жоспарлап отырғанын көрсетті. Азаматтардың жоғары деңгейде хабардар болуы және қатысуы атом электр стансасын салу мәселесі қазақстандықтар арасында үлкен қызығушылық пен қызу талқы тудырып жатқанын

білдіреді. Бұл деректер шешім қабылдау маңызды рөл атқарады, өйткені референдумның міндеті – барынша ашықтықты қамтамасыз ету және елдің әрбір тұрғынының пікірін ескеру», – деп атап өтті.

Сауалнама барысында face-to-face әдісі қолданылды, ол Қоғамдық саясат институтының бас сарапшысы Медет Өмірзақовтың айтуынша, деректерді жинаудың ең дәл әдістерінің бірі.

«Деректерді жинау Е-аналитика жүйесі негізінде қағазсыз түрде жүргізілді, сауалнама процесі автоматты түрде тіркеліп отырды. Бұл әдіс респондентпен жеке бетпе-бет сұхбатты білдіреді, ол бізге оның жауаптарымен қатар реакциясын, сұхбаттың өткізілу ұзақтығын және GPS-координаттарын тіркеуге мүмкіндік береді. Бұл деректердің сапасын арттырып, сауалнаманың дәлдігін бақылауға көмектеседі. Біз сондай-ақ сұхбат уақытын бақылау және қосымша сұрақтарын қою сияқты әртүрлі тексеру әдісін қолданамыз», – деді ол.

Қоғамдық саясат институтының сарапшылары сөз соңында мұндай әлеуметтік зерттеулер қазақстандықтардың жағдайды жақсырақ түсініп, негізделген шешімдер қабылдауына көмектесетінін атап өтті.



ЕКІ ЕЛ АРАСЫНДАҒЫ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯ БЕРМЕК

«AMANAT» партиясы делегациясының Қытайға жұмыс сапары аясында партия Хатшысы Ержан Жылқыбаев қытай тарапының өкілдерімен Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған бірқатар кездесу өткізді.

Атап айтқанда, Ержан Жылқыбаев Қытай Коммунистік партиясы Шэньси провинциясы комитеті хатшысының орынбасары Син Шаньпинмен келіссөз жүргізді. Оның барысында партияаралық ынтымақтастықты нығайту, логистика және өнеркәсіп саласындағы бірлескен жобаларды жүзеге асыру мәселелері, сондай-ақ «Бір белдеу, бір жол» бастамасы талқыланды. Тараптар Шэньси провинциясы мен оның әкімшілік орталығы саналатын Сиань қаласының Қазақстан мен Қытай арасындағы байланыстарды дамытудағы маңызды рөлін атап өтіп, Сианьда қазақстандық логистика орталығын салу қажет екенін тоқталды.

«Қазақстан мен Қытайды өзара сыйластыққа және тұрақты даму мүддесіне негізделген ұзақ жылдан бергі табысты ынтымақтастық байланыстырады. ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин ұсынған «Бір белдеу, бір жол» бастамасы осы байланыстарды одан әрі нығайтудың қозғаушы күшіне айналды. Ұлы Жібек жолының тарихи торабы саналатын Сиань қаласы қайтадан жаһандық сауда және логистика орталығына айналуға мүмкіндік береді. Бұл қадам – Қазақстан үшін өте маңызды. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев инфрақұрылымды

дамытуға және Қытаймен ынтымақтастықты тереңдетуге ерекше мән береді», – деді Ержан Жылқыбаев.

Сондай-ақ «AMANAT» партиясының Хатшысы екі ел арасындағы ынтымақтастықтың гуманитарлық құрамдас бөлігіне де назар аударды. Көктемгі су тасқыны кезінде Қытай зардап шеккен азаматтарға көмек көрсетті. Атап айтқанда, «Сиань АйЦзюй» астық компаниясы табиғи апат салдарын жою үшін қаржы бөлді.

Қытай Коммунистік партиясы Шэньси провинциясы комитеті хатшысының орынбасары Син Шаньпин екі партия арасындағы ынтымақтастық Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынастың маңызды бөлігі саналатынын атап өтті. Сондай-ақ ол екі ел арасындағы тарихи және мәдени-гуманитарлық қарым-қатынастарға да тоқталды. Қытайлық әріптестер заңнамалық салада тәжірибе алмасу, бастауыш партия ұйымдарымен жұмыс істеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің жасампаз күн тәртібін ілгерілету үшін «AMANAT» партиясымен ынтымақтастықты дамытуға дайын.

ДАМУ

7 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕНБІ

Президент Жарлығына сәйкес елімізде АЭС салу не салмау туралы сұрақтың жауабын референдум арқылы халық шешеді. Дегенмен АЭС-тің пайдасы қандай, зияны бар ма деген мәселеде маманның пікірі маңызды. Біз экономист Сапарбай Жобаевпен атом энергиясының экономикалық тиімділігі және энергетикалық қауіпсіздігі туралы бірқатар сұрақ төңірегінде әңгімелескен едік.

АЭС – ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ

— Сіз АЭС салуды қолдайсыз ба? Әлемдік тәжірибеде қай елдің АЭС-сы қауіпсіз саналады және біз кімді тандаймыз деп ойлайсыз?

— АЭС салуды қолдаймын. Бүгінде әлем бойынша 31 елде 415 атом реактор бар болса, тағы 60-қа жуығы жанадан салынып жатыр. Әлемдегі ең қуатты атом электр стансалары Жапония, Оңтүстік Корея, Франция, АҚШ-та орналасқан. Ал Қытай, Үндістан, Түркия, Мысыр сынды елдер соңғы жылдары атом энергетикасына белсенді түрде инвестиция салып жатыр. Егер 6 қазанда халық қолдап, елімізге АЭС салу туралы шешім қабылданатын болса, қазір 4 елдің тәжірибесі қарастырылып жатқанын білеміз. Олар — қытайлық CNNC, корейлік KHNP, ресейлік «Росатом» және француздық EDF компаниялары. Меніңше, бұл елдің қай-қайсысы салса да

болуы мүмкін. Біз Киото хаттамасына және Париж келісіміне қосылған ел ретінде климаттық өзгеруге себеп болып отырған қауіпті қалдық шығаруды қысқарту және көміртегі бейтараптығына қол жеткізу секілді стратегиялық міндеттемелерді орындауымыз керек. Ал АЭС-тан көмірқышқыл газ шықпайды. Сондықтан оның қауіпсіздік мәселелері туралы мамандардың уәжін құлақ асуымыз керек. Яғни, көмірқышқыл газ шықпағандықтан кейін оның климатқа әсері жоқ десек те болады. Сондықтан біз әлемдік тәжірибеде жасыл энергетика көзі саналып отырған АЭС салуға, жасыл энергияға өтуге көбірек әрекет жасауымыз керек.

Қазақстан күн және жел, су сияқты табиғи ресурстары өте қуатты ел дегенге мен қосыла алмаймын. Біз бар болғаны 3-4



алдымен біздің ел үшін қауіпсіздік мәселесіне ерекше мән береді деп ойлаймын. Мәселен, Ресей қазір Түркияға АЭС салып жатыр. Егер біздің мамандар Ресеймен шарт жасап жатса, оған таңғалудың қажеті жоқ.

АЭС тарихында 3 ірі апат болды: АҚШ-та, Чернобыльде және Жапониядағы Фукусима-1 стансасында. Халық жадында осы апаттардан қалған қорқыныш бар. Дегенмен әлем елдері ғылыми-технологияның дамуы және апаттардан алған сабақ пен тәжірибеге сүйене отырып, қауіпсіздік көрсеткіштері біршама күшейтілген жаңа буын реакторларын пайдалануды қолға алды деп ойлаймын. Сондықтан бүгінгі күні АЭС-тен келетін апаттың алдын алу әлемдік деңгейде сын-қатерден өтті деп айтуға болады.

— АЭС салудың еліміз үшін стратегиялық және экономикалық тиімділігі қандай? Ол өзін ақтай ма? Экологиялық зардабы жоқ па?

— Бұл — күрделі сұрақ. АЭС салудың инвестициялық шығындары есебінен электр энергиясы қымбатырақ болуы мүмкін. Неге? Себебі көмір ең арзан электр энергиясын береді. Мәселен, 2010 жылдарда Екібастұз ЖЭС-да өндірілетін электр қуатының өзіндік құны 4 теңге еді, қазір 7 теңге деп айтып жүр. Ал АЭС 11-15 теңге

пайыз ғана су электр стансаларынан электр тогын ала аламыз және солтүстік аумақ өте үлкен, ал оңтүстікте күн электр энергиясы өзіне жетпейді. Оны тасымалдау өте тиімсіз. Күн сәулелі Түркияның өзі де күннен энергия ала алмай отыр. Жел бүгін бір жаққа, келесі күні басқа жаққа соғады, Мәселен, Қордайдан ары-бері өткен кезде көреміз, 15 шақты жел энергиясына арналған қондырғылары бар. Бастапқы кезде соның 10 шақтысы істейтін еді, қазір 4-5-і зорға істеп тұр. Сондықтан жел энергиясына сенім аз. Жел үнемі соғып тұратын жерлер бар, бірақ жел мен күн қуаты елімізде 4-5 пайыз, одан көбірек болады деу, мүмкін 10 пайызға баратын шғар, бірақ одан асады деп айта алмаймыз.

Экономика мен энергетика егіз ұғым десек, бізге экономиканың тұрақты, үздіксіз дамуы үшін тұрақты қуат көзі керек. Қазіргі тұжырымдама бойынша, АЭС кем дегенде 80 жылға дейін жұмыс істей алады. Мұндай ұзақ мерзімді перспективада бұл шыққан шығындарды неше есе артығымен өтейтіні даусыз.

— Ал АЭС-ті салуға, оны дұрыс пайдалануға отандық мамандардың әлеуеті жете ме?

— Мықты маман, білікті кадр тарапынан біздің елімізде пробле-



ма бола қоймайды деп ойлаймын. Бұрын Ақтауда заманында әлемде болмаған атом энергокомбинатының құрамында апатсыз пайдаланылған БН-350 жылдам нейтрондарындағы әлемдегі алғашқы энергетикалық реактор болды, онда білікті, тәжірибелі мамандар жұмыс істеді. Еліміз уран өндіру бойынша әлемде бірінші орынға шықты. Республиканың атом өнеркәсібінің жана кәсіпорындары дамыды. Мысалы, былтырғы жылы Өскеменде ядролық отын өндірісі басталды. Курчатовағы Ұлттық ядролық орталық пен Алматыдағы ядролық физика институты бар дегендей барлық әлеуетімізді ескерсек, сала мамандарына қиындық туындамайды. Сонымен қатар АЭС салатын елмен келісімшарт негізінде отандық мамандарды оқытуға мүмкіндік те уақытта болады деп ойлаймын.

Сондай-ақ қауіпсіздік мәселесінде АЭС бақылаусыз, кез келгеннің ермегі емес екенін ескеру керек. Мәселен, Атом Қуаты Халықаралық Агенттігі (АҚХА), яғни МАГАТЭ жарғысына сәйкес, еліміз атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдаланушы ел ретінде бірқатар қауіпсіздік және сапалық талаптан тұратын, 20 шақты шартқа сай болуы керек. Сондықтан қай ел салса да алдымен халықаралық шарттар ескеріледі деп ойлаймын.

— АЭС құрылысына қазір екі аумақ тандалған екен. Алайда Алматы облысының Жамбыл ауданындағы Үлкен ауылына салған тиімдірек деген пікірді қолдаушылар басым секілді. Сіз қай аумақта салған тиімді деп ойлайсыз?

— Меніңше, АЭС сулы аймақта болғаны дұрыс. Себебі суды салқындататын қондырғыға су қажет болады. Бірақ сарапшылар бұл Балқаштың су көлеміне кері әсері болмайды деп отыр. Еліміз бойынша ең алдымен энергия тапшылығы оңтүстік жақта қатты сезілуі мүмкін деген болжамға сенсек, АЭС-ті оңтүстік өңірге қарай салған жөн. Сонымен қатар экономикалық тұрғыдан да тиімді.

АЭС-тің тиімділігіне тоқталар болсақ, бүгін бізде электр қуаты тапшылығы қазірдің өзінде білінеді. Мәселен, 2023 жылы біз Ресейден 2 млрд кВт электр энергиясын валютаға сатып алдық, бұл бізде өндірілетін 135 млрд кВт-қа жақын электр энергиясымен салыстырғанда 2 пайыз ғана болуы мүмкін. Бірақ бұл тапшылық болашақта көбейе береді. Сондықтан өнеркәсібі дамыған үлкен қалалардың жанынан бір ғана емес, бірнеше АЭС салған дұрыс. Мұхтар Жәкішев кішігірім қуатты АЭС салып, оның да пайдасын көру керек депті. Ол туралы да ойланп, мамандар дұрыс шешім қабылдайды деп ойлаймын.

— Рақмет!

Әңгімелескен
Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ – ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ

«Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы – тіл» деген ұлағатты сөз қалдырған, қазақ халқының тағдыры мен тілі үшін күрескен Алаш арысы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне байланысты 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері мерекесі атап өтілді.



**Әдебиет
БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Ұлытау облысы**

Осыған орай Ұлытау облысы Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Ресурстық тілдерді дамыту орталығының ұйымдастыруымен «Ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлы» тақырыбында жалпыоблыстық дәріс ұйымдастырылды.

Дәрістің басты мақсаты қазақ тіл білімінің негізін салушы, ұлттық мәдениет пен әдебиеттің бастауында тұрған рухани көсем, Алаш қозғалысы көшбасшысы Ахмет Байтұрсынұлының сан қырлы бейнесінің рөлі мен маңызын таныстыру, жастарға ақын өмірін үлгі ете отырып, танымдық деңгейлерін дамыту болды. Іс-шараға оқу орындарының студенттері мен оқытушылары қатысты.

Дәрісті қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің жоғары санатты ұстазы, магистр Ержан Құрмашұлы оқыды. Дәріс барысында жастар Алаш көсемі жайлы слайд көріп, көкейде жүрген сауалдарына жауап алды.

Сонымен қатар мемлекеттік тілді насихаттау, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, оның қолдану аясын кеңейту, қазақша интеллектуалды орта құру, қазақтың тарихын, салдестүрін, әдет-ғұрпын, ғылымын, өнерін, әдеби мұраларын насихаттау, ұстаздар қауымымен жұмыс істеу дағдыларын арттыру арқылы зияткерлік ортаға үлес қосу мақсатында Ресурстық тілдерді дамыту орталығы ұйымдастыруымен Қазақстан халқы тілдері күні мерекесіне орай облыстың мектеп мұғалімдері арасында «Қазақша Quiz» зияткерлік сайысы да жоғары дәрежеде мәреге жетті.

Іс-шараға облыстың Жезқазған, Сәтбаев, Қаражал қалаларынан, Жаңаарқа және Ұлытау аудандарынан бір-бір топтан, барлығы 5 топ қатысты.

Ресурстық тілдерді дамыту орталығының басшысы Ержан Көшербаев қонақтарды Қазақстан халқы тілдері күні мерекесімен құттықтап, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Quiz «Тіл-қазына», «Ұлы дала тұлғалары», «Салт-дәстүрім – қазынам», «Тарихым – түп қазығым», «Мақал-мәтел – ой көмбесі», «Әртүрлі тақырыптар» деген атаумен 6 кезеңді қамтыды.

Айта кету керек, қатысушылар әр кезеңде 6 сұрақтан 36 сұраққа жауап берді.

Қазақша Quiz зияткерлік сайысына қатысушы топ мүшелері өз білімдерін, танымдық деңгейлерін көрсете білді. «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда», демекші, әділқазылар алқасының шешімімен тартысты өткен сайыс қорытындыланды.

Жезқазған қаласының «Зе-ийн» тобы I орын алса, Ұлытау ауданының «Қазына» тобы II орынға табын тіреді. Ал Қаражал қаласының «Архимед» тобы III орынды еншіледі.

Барлық қатысушыға алғыс-хат табысталды.

Тағы да бір мерекелік шара, Жезқазған қаласының 70 жылдығына орай өткен «Ақындарым – ақиқаттың айнасы» атты кездесу кеші де көрермен жинады.

Кештің мақсаты мемлекеттік тіл саясатын насихаттау, ана тіліміздің қоғамдағы белсенділігін арттырып, қолданыс аясын кеңейту, мәртебесін көтеру болатын.

Кездесуге облыстың әр өңірінен қарымды қаламгерлер мен жас қалам иегерлері шақырылды. Мұса Тілеуұлы мен Мұқанбетқали Сейтқазы бастаған ақындар тобы өздерінің қалаға арнаған және жыр қоржындарындағы басқа да өлеңдерімен бөлісті.

«Тілге құрмет – елге құрмет» деген қағидатты ұстанған Ұлытау облыстық Ресурстық тілдерді дамыту орталығы алдағы күндері де осындай игілікті шараларды қолға алмақшы.



Мемлекет мақсат еткен ықпалды Парламенттің құрылып жатқаны Президент сөзінен көрініс тапты. Өткен сессияда қоғамдық бақылау, адам саудасына қарсы күрес, ғылым және технология саясатын, жылу энергетикасын реттейтін, сондай-ақ ұлттық қордан балалардың есепшотына қаржы аударуға, балаларды құмар ойынға тартқандарды әкімшілік жазаға тартатын, кәмелетке толмағандар мен әйелдердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, оларға қатысты қылмыстың алдын алуға арналған 100-ден аса заң қабылданды. Президенттің бүгінгі Жолдауда айтқанындай, Салық кодексін асықпай жан-жақты әрі кешенді түрде өзгертулер мен толықтырулар енгізу үшін кейінге қалдырғаны өте құптарлық қадам болды.

КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫН РЕФОРМАЛАУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Өйткені салық салушылар мен төлеушілер арасында келіспейтін тұстар баршылық. Халық үніне құлақ асатын мемлекетте заңдар бизнес пен халықтың кедергісіз емінеркін дамуына мүмкіндік беретін заңдар көбеюі керек. Бюджет шығыстарын азайтып, кірістерін көбейту жолдары тағы да ұсынылды. Үкімет жаңарса да, Президент тапсырмаларының түгел орындалмай жатқаны қынжылтады. Экономиканы әртараптандыру арқылы бірқатар жетістікке қол жетті. Президент Үкімет пен әкімдерге еліміздің тұрақты дамуына мүмкіндік беретін жаңа тетіктерді тауып, экономиканың құрылымын өзгертуді тапсырды. Экономика өскен сайын әлеуметтік теңсіздікті азайтып, орта таптың күшейе түсетінін, кез келген істің тиімді өлшемі, әрбір шешім, әрбір жобаның ең алдымен елге пайдалы болуы керек екенін ескертті.


Жолдауда нақты секторды несиелендіру, яғни шағын және орта бизнесті қаржыландырудың шешімін таппағаны, бұның іскерлік ортаның белсенділігіне, экономиканың тұрақтылығына және дәйекті дамуына кедергі келтіріп жатқаны айтылды. Өткен Жолдауда банктердің қозғалысыз жатқан активтері мен мемлекетке қайтарылған активтерді бизнестің дамуына тарту мәселесі көтерілген еді. Президент бүгін Үкімет пен Ұлттық банкке банктердің экономикаға көбірек қаржы құюын қамтамасыз ету үшін оңтайлы шешім қабылдауды ұсынды. Біздің банктер расында да көп пайда табады. Бұған жоғары өсімдер дәлел. Сондықтан банк акционерлерінен дивидендіне сәйкес салық төлеуін талап ету – дұрыс талап. Екінші деңгейлі банктерді сауықтыру үшін кезінде мемлекет көп шығындалған. Әр алмақтың салмағы болады. Салықты халық та, басқа да ірілі-ұсақты бизнес өкілдері де әділ төлеп жатқанда банктердің шет қалғаны әділетсіздік болады. Президент бұл бағытта Банктер туралы жаңа заң қажет екенін атап өтті. Қос қолдап қолдайтын бастама деп есептеймін.

Экономиканы қарқынды дамыту үшін тек мемлекет қаржысына сүйенбей, жеке инвестицияларды тарту арқылы іскерлік белсенділіктің артуына қолайлы жағдай жасауды тапсырды. Өнеркәсіп әлеуетін толық пайдалану үшін жан-жақты шаралар қабылдау сан салалы дамуға жол ашады. Қатмет металлургия комбинаты отандық инвестордың қолына тиген соң ахуал тұрақталып, кәсіпорын жаңғыртыла бастаған. Бұл – Президент қабылдаған маңызды шешімнің жемісі. Былтыр тізімі жасакталған 17 ірі жобадан өңдеу тәсілін мықтап менгеруге басымдық берілген. Мемлекет басшысы меңзегендей, өңдеу ісі жүзеге асырылса, ұлттық экономика алға жылжитын еді. Мұнай-газ-химия саласын одан әрі дамытуға баса назар аударылды. Нәтижесінде, полипропилен және полиэтилен шығаратын ауқымды жобалар жүзеге асырыла бастады. Президенттің өндірісті ғылыми негізде дамыту үшін ғалымдарды жұмылдыру идеясы тиімділігін дәлелдеді.

Елімізде газ тапшылығы ұзап барады. Көгілдір отынмен қамтылмаған ауылдар мен тек газбен жүретін көліктердің қиналып жүргеніне үш айдан асты. Президент газ

тасымалдау бағдарларын әртараптандыру және оның қуатын арттыру тұрғындарды және экономиканы газбен қамтамасыз ету Үкіметтің басты міндеті екенін еске салды. Былтырдан бері газ кеніштерінің игеріле бастауы қуантарлық іс. Президент жылына бір миллиард текше метр газ өндіретін жаңа кен орындарын игеру жоспарланғанын, алайда бұл жобалардың толық іске қосылмағанын айтып, газды ішкі нарықты қамтамасыз ету үшін тиімді бөлу қажетіне тоқталды. Жаңаөзен, Қашаған және Қарашығанақтағы газ өңдеу кәсіпорындарының құрылысын жеделдету қазіргі қалыптасқан жағдайды шешумен қатар болашақта газ тапшылығын туындатпауға қатысты қабылданған құбақұп шаралар десек, жаңылмаспыз.

Ақша да, басқа да жеткілікті кезеңде ауылдардың жабылуы әкімдерге сын. Президент әр жолы бюджеттің тиімді игерілуін талап етіп келеді. Ал кей әкімдер ауылдарды



экономикалық тиімсіз деп танып, жабуға асығады. Бүгінгі Жолдауда тағы да инфрақұрылым қатысты өзекті мәселелер көтерілді. Президент энергетика және коммуналдық шаруашылық саласын жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаны жыл соңына дейін бекіту керігін қадап айтты. Ауылдар мен қалаларды инфрақұрылым, газ, энергиямен қамтамасыз ету – басты міндет. Осы салаларда тапшылықты жойып, қажеттіліктерді өтеу шараларының қабылдануы, Президент айтқандай, ауылдардың жабылуына сеп болмауы керек. Жыл сайын энергетика және коммуналдық шаруашылық саласына қыруар қаржы бөлінеді. Одан бөлек, тариф есебінен тартылатын монополистердің салаға салатын инвестициясы тағы бар. Алайда тариф өскенімен, жаңғырту жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатқан жоқ. Ал тұтынушылар мен экономика өскен сайын энергияға сұраныс артып жатыр. Әлем ішкі сұранысты атом энергетикасы арқылы қамтамасыз етіп келеді. Дамушы мемлекеттерде бір емес, бірнеше атом электр стансасы жұмыс істеп тұр. Еліміздің тозығы жеткен ЖЭС-тері қажетті энергияны өндіруге жарамайды. Олардың өзін халықаралық талапқа сай көмірден экологиялық отынға көшіру керек. Газ қоры қашаңа дейін жетеді? Сондықтан атом энергетикасын дамыту маңыз-

ды болып тұр. Бұл бағытта мамандар даярлау одан да маңызды десек болады. Маман демекші, өндірістік, физика, атомдық физика және тағы басқа қажетті салаларда маман жетіспейді. Тіпті, мақта сортын реттеп, өнім көлемін арттыруға күш жұмсайтын маман жоқ. Алдыңғы Жолдауларда маман даярлау мәселесі көтерілген. Бұл тақырып әлі күнге өзектілігін жоймаған. АЭС салынған жағдайда оны мықтап ұстап тұратын мамандар керек. Әлемнің дамыған елдері сияқты бір емес, бірнеше АЭС қажеттілігі туындаса, қалғанын салатын да өз мамандарымыз қажет емес пе? Сондықтан атом энергетикасын терең түсініп, саланы менгеретін маман

Су ресурстарын дұрыс игеріп, ирригация жүйелері мен су шаруашылығымен тиянақты айналысу үшін Президент арнайы министрлік құрды. Көктемдегі су тасқыны саланың ақиқатын ашып берді. Биыл да сол судан тарыққан шаруалар да болды, суға қолы жетпей жатқандары да жоқ емес. Мемлекет басшысы міндеттегендей, су қорын жинап, оны тиімді пайдаланып, ирригация жүйесін дұрыс қолдана алса, қанекей. Әлемде күнде жанбыр жауса да, су шаймайтын ирригациялық жүйе жасап қойған елдер бар. Бәлкім, солардың технологиясын негізге алу керек шығар. Неде болса, Үкіметтің бір міндеті – жалпы су шаруашылығын реттеу. Әйтпегенде, біз қираған лоток, коқысқа толған өзен, каналдардың салдарынан Арал теңізі тұрмақ Қызылкөл сияқты жауһар көлімізді суға толтыра алмай келеміз. Бүгінгі Жолдауда ну орман, тоғайларды көбейту

керегі айтылды. Жыл сайын 30 млн түп көшет өсірілсе де, жол бойынан саялайтын бір талдың табылмай жатқаны қызық. Жасыл ел, жасыл аймақ, жасыл белдеу дегендерге бөлінетін қаржының есебіне кім жетіп жатыр? «Қурап қалды» деген желеумен жолдардың бойы жасыл желектенбей келеді емес пе? Көпшіліктің көмегімен көгалдандыруға көшсек, бюджеттің көшетке бөлетін шығынын қысқарту керек шығар. Таза Қазақстанды қалыптастырып жатқан жандар, бір-бір түп көшеттен ексе, елімізде көгеріп шыға келмей ме? Бізге әр өңірдің географиялық платформасына сәйкес өсу жағынан тиімді талдарды отырғызу керек. Қазір тіпті Алматының Алатауында қылқан жапырақты ағаштар азайып қалыпты.

Кәсіптік білім беру саласын реформалау – уақыт талабы. Кезінде Кеңес Үкіметі орта арнау оқу орындарының түлектерімен-ақ өндіріс пен кәсіпорындардың тірлігін түлетті. Президент кәсіптік білім беру ісін реформалау экономиканың өсімін қамтамасыз ету және инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін аса қажет қадам деп тапты. Жұмысшы мамандар қоғамға өте-мөте қажет әрі жоғары сұранысқа ие болып тұр. Жастарға мамандық тандауда жөн сілтеу керек. Қаптаған юрист пен экономистен не құқықтық, не экономикалық жүйе жөнге келмесе не пайда? Одан да елге де, өзіне де пайдалы мамандық тандаған жөн. Шетелге кеткенде де сол қара жұмысты істейді. Бізде сол қара жұмыс күшінің еңбегі бағалана бермейді. Дизбалансқа әкеп жатқаны осы себеп. Бәрібір де жұмыстың көзін тапқан адам байлықтың көзін табады. Ең бастысы, ол жұмысты сүйсініп істеу керек. Сонда ғана табанды еңбек табысты болады. Президент еліміздің кадрлық әлеуетін арттыруда орта білім беру жүйесінің өте маңызды рөл атқаратынын айтты. Қазір жүзеге асырылып жатқан «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы осы мақсаттағы бір игі қадам. Жайлы мектептерді арнайы басқару жүйесі енгізілмекші. Бұл жай мектептер жайына қалады деген сөз емес. Мемлекет басшысы Үкімет пен әкімдерге қаражат көздерін тауып, 3 жылда жалпы орта мектептерді жөндеп бітіруді міндеттеді. Тіпті, жекеменшік мектептерге шейін мемлекеттің шапартып тиіп жатыр. Бала тәрбиесі – ұлт тәрбиесі. Ұрпақ білімді болса, ұлт білікті болады. Ұлт білікті болса, еліміз өсіп-өркендейді. Бүгінгі Жолдау ең алдымен орындаушы тараптан қолдау табуға тиіс. Қолдау деген сөзбен емес, нақты іспен болуы керек. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сан саладағы өзекті мәселелердің оң шешімін саралап берді. Жер-жерде жүзеге асырылуы Үкімет пен атқарушы биліктің, сонымен қатар Парламент депутаттарының да жұмысы.

Қайрат БАЛАБИЕВ,
Парламент Мәжілісінің депутаты

ӨЗЕКТІ

7 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕНБІ



Елнар КАБА (астана)

БӘСЕКЕ БЕЛГІЛЕГЕН БАҒА БЕРЕКЕЛІ

Жақында еліміздің такси нарығына тағы бір шетелдік ойыншы енуі мүмкін деген хабар тараған болатын. Көлік министрі Марат Қарабаевтың мәлімдеуінше, эстониялық Bolt компаниясы Қазақстан такси саласында ынтымақтастық мәселесін қарастыруда. Билік өкілдері қазір «Яндекс» пен InDriver такси қызметтерінің жұмыс істеуі бәсекелестік орта құруға негіз деген пікірде. Дегенмен баға жағынан салыстырсақ, еліміздегі такси құны ТМД елдері арасында әлі де ең жоғары деңгейде екенін көруге болады. Ал баға мәселесінің төмендеуіне нарыққа жаңа ойыншының енуі түрткі бола ала ма?

А Кәмила
ЕРКІН

Bolt — Еуропадағы танымал қызмет, «Яндекс» таксидің баламасы деуге болады. Билік Bolt такси қызметін іске қосу үшін қолдау көрсетуге дайын екенін жеткізді. Сонымен қатар Үкімет бұл такси агрегаторлары арасындағы бәсекелестіктің артуына әсер етіп, қызмет құнын төмендетуі мүмкін деген пікірде. Қазақстанда 2019 жылдан бастап Bolt компаниясының нарыққа енуі талқыланып келеді. Дегенмен 2022 жылы қытайлық Didi такси қызметінің 1,5 жыл ішінде жұмысын тоқтатқанын еске алсақ, жаңа ойыншы сәтті жұмыс істеп кете ме деген сұрақ туады.

ОТАНДЫҚ ТАКСИ ҚЫЗМЕТІНЕ ҚОЛДАУ БАР

Вице-премьер, Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаровтың айтуынша, мемлекет отандық такси агрегаторларына қолдау көрсетуге әзір. Дегенмен бүгінде олар ресейлік алпауыт компаниялармен тең дәрежеде бәсекеге түсе алмайды. Маркетинг, жарнама жетілмегендіктен қазақстандықтар мұндай отандық сервистердің бар екенін де білмеуі

мүмкін. Ведомство өкілі отандық такси агрегаторлары мемлекеттен 3 миллиард тенгеге дейін арзан несие ала алатынын мәлім етті.

«Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігі субсидияланады. Кәсіпкерлерге жылдық 8%-дық мөлшерлеме бойынша, ал әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілеріне, батыс және оңтүстік өңірлердің кәсіпкерлеріне жылдық 7% мөлшерлеме бойынша кредиттер беріледі. Несие сомасы — 3 млрд тенгеге дейін. Жалпы, бағдарлама бойынша мемлекеттік қолдау шаралары салалық шектеулерсіз және жобаларды іске асыратын басқа да кәсіпкерлер үшін ұсынылатын болады», — деді вице-премьер.

Сонымен қатар отандық такси қызметтеріне отандық өндірушілердің жеңіл автомобильдерін жалға алу және лизингке қолдау көрсетілетінін айтты. Құны бір данасына 10 млн тенгеден аспайды.

БАҒАҒА БАҚЫЛАУ КЕРЕК ПЕ?

Такси қызметіндегі дау — сұраныс артқан сәтте аспандап кететін бағасы болып отыр. Тіпті, бұған дейін халықтың наразылығы

себебінен Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі «Яндекс» такси қызметіне тексеріс жүргізген еді. Нәтижесінде, биыл сен қозғалып, «Яндекс» такси қызметтеріне сұраныс ең жоғары болған жағдайларда, мысалы, ауа райының қолайсыздығы немесе мереке күндері тарифті үш еселенген коэффициенттен жоғарылатуға шектеулер енгізетін болды. Осы деңгейден жоғары баға үлесі бір тоқсан ішіндегі сапарлардың 5%-нан аспайды. ҰМ өкілінің сөзінше, биылғы жылдың бірінші тоқсанында құнның үш еселенген коэффициентімен 238 мың тапсырыс жасалған, оның жалпы үлесі 0,15% деңгейінде қалып отыр. Дегенмен Нұрлан Байбазаровтың сөзінше, компания кез келген уақытта Қазақстан билігінің талаптарын орындауды тоқтатуы мүмкін. Сол себепті осы талаптар мен шектеулердің орындалуын бақылау қажет. Монополияға қарсы комплаенстің орындалуын Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі арнайы мониторингтік топ арқылы бақылау ниетті. Топқа көлік, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Әділет, Цифрлық даму министрліктерінің, сондай-ақ таксопарктер қауымдастығының өкілдері кіреді.

Болашақта жолаушылар мен жүргізушілер мүдделерінің тепе-теңдігін қамтамасыз ету үшін монополияға қарсы агенттік тиісті заңнамаға түзетулер енгізуге бастамашы болмақ. Жаңа заң жобасы жүргізушілерге такси парктіне тәуелді болмай, «Яндекс» такси-мен тікелей жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Екіншіден, егер заң қабылданатын болса, онда ол қазақстандық тарапқа ресейлік бағдарламалық жасақтаманы, сондай-ақ баға белгілеуге әсер ететін факторларды егжей-тегжейлі зерделеуге құқық береді. Такси тарифтерінің қалай қалыптасатынын, ауа райының қалай ескерілетінін, мерекелік сұра-

ныстың артуын, жүргізушілердің жоктығын және басқа факторларды түсіну керек. Ақпараттық технологиялар саласындағы тәуелсіз аудиторлық компания агенттікпен және Цифрлық даму министрлігімен бірлесіп алгоритмдік баға белгілеу аудитін жүргізу жоспарлануда.

Дегенмен бұған дейін қаржы сарапшысы Андрей Чеботарев кез келген салада бағаны бақылауға алу нарық заңдылықтарына қайшы деген пікірімен бөліскен болатын.

«Мұндай бастама егер байыпты қарастырылса, бәсекелестіктің төмендеуіне әкеледі — егер пайданы көбейту мүмкін болмаса, жаңа ойыншылардың нарыққа шығуының мәні неде? Сонымен қатар қазірдің өзінде комиссия алмайтын немесе минималды ақы алатын бәсекелестер бар — бірақ оларда жолаушылар да, жүргізушілер де жоқ. Сонымен қатар егер ол қарапайым математика әдісімен қаруланған болса да — комиссияның төмендеуімен жүргізуші бұдан артық алмайды, сапар құны төмендейді, бірақ қызмет сапасы да төмендеуі мүмкін және бюджетке салықтар азаяды. Шын мәнінде, нарықтық экономикада мұндай араласуларға жол берілмеуі керек», — дейді ол.

НАРЫҚҚА ӨРКІМНІҢ-АҚ БАР ТАЛАСЫ

Energurcom сараптама орталығы ТМД елдерінің ішінде ең қымбат такси Қазақстанда тіркелгенін мәлімдеді. 2023 жылы еліміздегі такси қызметін көрсететін компаниялардың табысы бір жылда 17%-ға өсіп, 5,9 млрд тенгеге дейін ұлғайған. 2023 жылы жеңіл көлікпен тасымал қызметін 47,4 млн адам пайдаланды — бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 2%-ға аз. Жыл басынан бері бұл көрсеткіш 39,8 млн адамға жеткен. Былтырғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда бұл 36,4 пайызға артық. Ал жолаушылар айналымы бір жылда 44%-ға, 1,4 млрд шақырымға дейін қысқарды.

«Такси қызметінің негізгі капиталына салынған инвестициялар 2022 жылы 495,1 млн тенге болса, былтыр 751,9 млн тенгеге жетті. Инвестициялар бір жылда 51,8%-ға өскен. Алматы — ең көп салым салынған қалалардың бірі. Мұндағы инвестиция

көлемі 360,6 млн тенге болған, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 6,9 есе көп. Қазақстан Республикасы аумағы бойынша Алматы қаласының үлесі 48%-ды құрайды. Сондай-ақ 2023 жылдың желтоқсанында таксимен жүру былтырғы жылдың желтоқсанымен салыстырғанда 9,1%-ға қымбаттады. Өңірлік бөліністе бағаның өсуі Алматы тұрғындары үшін қатты сезілді, яғни 2023 жылы 30,3%-ға қымбаттаған. Одан кейінгі орында Ақтөбе және Абай облыстары тұр: қымбатшылық көрсеткіші тиісінше 22,1% және 17% болды. Ал қымбатшылық көрсеткіші ең төмен өңір — Маңғыстау облысы — 1,2%. Тағы үш облыста — Алматы, Шығыс Қазақстан және Батыс Қазақстан облыстарында бағалар бір жыл бұрынғыдай деңгейде қалды», — делінген есепте.

Ал Numbeo порталы әлем бойынша стандартты тариф бойынша 1 шақырым есептегенде такси қызметтерінің ең жоғары бағасы Швейцарияда (4,63 АҚШ доллары), Люксембург (3 3,29 АҚШ доллары) және Кувейтте (3 3,25 АҚШ доллары) тіркелгенін мәлімдеген. Орташа есеппен Қазақстандағы такси қызметтерінің құны 0,61 АҚШ долларын құраған. Бұл — ТМД елдері арасындағы ең жоғары көрсеткіш. Мысалы, Әзербайжанда стандартты тариф бойынша таксимен жүру құны АҚШ долларымен есептегенде 1 шақырымға 0,59 доллар, Ресейде — 0,34, Украинада — 0,32, Беларусьте — 0,31, Армения мен Өзбекстанда 0,3 АҚШ долларын құрайды. Сонымен қатар әлемдегі жағдай бойынша нарықта Uber, Grab, Bolt, Entriver, Yandex сияқты 8-10 әлемдік компания үстемдігін көреміз.

«КӘСІПКЕР» КӨЛІК ЖҮРГІЗУШІ

Мемлекеттік кіріс комитеті «Яндекс» таксимен бірлесіп Астана және Алматы қалаларында «Яндекс» такси қосымшасы арқылы қызмет көрсететін такси жүргізушілеріне арналған пилоттық жобаны іске қосты. Қатысушылар саны 4 400-ден астам жүргізушіні құрады, тек биылғы жылдың қантар айында жобаға 2 800-ден астам такси жүргізушісі қосылды (жобаның аяқталу мерзімі 2024 жылғы желтоқсан). Жолаушыларды тасымалдау қызметін көрсететін 17 мың жеке кәсіпкер тіркелген. Қаржы министрлігінің мәлімдеуінше, жоба такси жүргізушілері таксопарктердің делдалдық қызметтерін алып тастауға мүмкіндік береді. Осы арқылы қаражатын үнемдеуге және оларды салықтар мен әлеуметтік төлемдерді төлеуге бағытталмақ. Осылайша, жүргізуші әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіне тартылады. Жеке кәсіпкер ретінде тіркеуді оңайлату, нақты алынған кірістің 1% мөлшерінде салық төлеу, салық есептілігін ұсыну бойынша міндеттемелердің болмауы қарастырылған. Сондай-ақ Glovo, Wolt, InDrive және тағы басқа сияқты компанияларды жобаға қосу жоспарлануда.

САРАП

7 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕНБІ

Басы 1-бетте

Айхан ШӘРІП

Осыған орай Мемлекет басшысы Үкіметке жаңа Салық кодексі аясында сән-салтанат заттарына жаңа салық енгізуді жүктеді. Ол келесі жылы іске қосылады деп жоспарланған.

Нарықтарды талдаумен айналысатын Statista Market Insights менеджері Мередит Алданың түсіндіруінше, Қазақстанда люкс сыныбындағы заттар нарығы қатты құлдырамағанымен, бүгінде стагнацияға ұшырады.

«Біздің болжауымызша, 2024 жылы Қазақстанда сән-салтанат заттары нарығы 255,90 миллион доллар көлемінде табыс әкеледі. Нарық ойыншылары үшін бұл жетілмеген, шағын нарық саналады. Салыстырғанда, мемлекет емес, бір ғана LVMH Moët Hennessy Louis Vuitton компаниясының 2023 жылғы таза табысы 15,2 миллиард еуроны құрады. Сонымен бірге Қазақстанда люкс кластағы тауарлар нарығы қарқынды өсімінен айырылды. Кейбір сегментінде төмендеу тіркелген. Жылдық шамада 2024–2028 жылдары бұл нарық республикада орта есеппен небәрі 1,8%-бен өседі деп болжанады», — деді сарапшы.

Қазақстанда сән-салтанат заттарының ең ірі сегменті — «престижді косметика және қымбат парфюмерия секторы». Әңгіме бұқараға қолжетімдісі жөнінде емес, құны әр бірлігі үшін 500 доллардан асатын косметологиялық заттар мен иіссулар туралы. Бұл сегменттің табысы 2024 жылы 125,80 млн доллар болады деп тұспалданды. Салыстыра кетсек, бұл бағытта әлемде 1-орын алатын АҚШ-та бір жылда 77,3 миллиард доллардың косметикасы мен жұпар су өнімдері сатылады.

Statista Market Insights мәліметінше, қазақстандықтар иіссу немесе косметиканың бір данасына орта есеппен 12,90 доллар (6,3 мың теңге) ғана жұмсайды. Бұл ретте Қазақстан тұрғындары өзге тауарларға қарағанда, парфюмерия өнімдерін дүкенге, сауда орнына өзі барып, сатып алуға үйір. Иіссулардың жалпы санының 7,9%-ы ғана онлайн сатылады. Сарапшылар республикада бұл өнімдердің бәрі дерлік — шетелдік өнімдер мен брендтер екеніне назар аудартады.

Біз елордадағы қымбат зергерлік бұйымдар сататын бірнеше салонды аралап, сатушыларды, менеджерлерін сөзге тарттық.

— Қазақстандықтар қымбат әшекейлерді сатып алудан аулақтай бастады. Бұрын клиенттеріміз алатын ең қымбат өнім 8–10 миллионнан асатын. Қазір біздегі ең қымбаты — 4 миллион теңгедей тұратын инкрустацияланған алтын алқа. Оған гауһар-бриллианттар, топаз сияқты бірнеше асыл тас орнатылған. Біз өз өнімдерімізге кепілдік береміз. «Қазақстанда сатылатын алтынның 90%-ы шын алтын емес» деген пікір кең тараған. Содан қалталы азаматтар қымбат әшекейлерді саяхаттағанда шетелден сатып алады, — деді отандық нарықта жетекші орны бар зергерлік премиум-салон қызметкері Дариға Жолан.

ҚЫМБАТ КӨЛІКТЕРГЕ СҰРАНЫС ЖОҚ

Сән-салтанат заттарының «ең көрнекті өкілі» қымбат көліктер екені белгілі. Бәлкім, қазақстандықтар бар жиғанын соған салып жатқан болар? «Қазақстанның Автокөлік Одағы» (ҚАО) берген мәлімет бойынша бір ай ішінде 12 032 бірлік жеңіл автомобиль мен жеңіл коммерциялық көлік сатылған. Сөйтіп, былтырғыдан 13,2% құлдырады. Жалпы, 2024 жылдың алғашқы бес айында жалпы саны 66 457 автомобиль өткізілген. Ал былтыр сол уақытта 66 389 бірлік техника саудаланды. Өсім бар-жоғы — 0,1%. Мұнда да тоқырау.

ҚАО президенті Анар Макашева қазір қымбат көліктер өтпейтінін айтады. Негізінен, қазақстандықтар бюджеттік нұсқаларын тандайды. Содан қытайлық брендтерге сұраныс өсті. Олар отандық нарықты ондаған жыл жаулаған елдегі «дәстүрлі брендтерді» қуып жетіп қалды.

СӘН ТҮБІНДЕ МӘН БАР МА?



— 2024 жылғы сауда статистикасы былтырғы нәтижеге жақындап қалып еді, алайда біз болжағандай, мамырда сауда бәсеңдей бастады. Биыл 160–165 мың жаңа автомобиль иесін табады деп болжап отырмыз. Өз кезегінде ресми дилерлер халық көптеп жаңа көлік алсын деген ниетпен науқан өткізіп, тиімді ұсыныстарын жалғастырып жатыр. Бірақ заңсыз жолмен ескі автомобильдер әлі кіріп жатқандықтан, паркте ескі көліктердің де үлесі артып келеді, — деді Анар Макашева.

Биылғы бес ай қорытындысында ең танымал ТОП-5 бренд арасында елімізде құрастырылатын Hyundai әдеттегідей оқ бойы озық шықты. Бірақ ол клиенттерін ең көп жоғалтқан брендтің біріне айналды: жыл басынан бері 14 760 бірлігін ғана өткізді, бұл былтырғыдан 15% кем. Екінші орында сол бұрынғыдай Kia тұр: бес айда 8 541 бірлігін сатты. Ол да тұтынушыларынан көптеп айырылуда, саудасы былтырғы жылдан бері 13,4%-ға кеміді.

Үштікті Chevrolet тұйықтады, жыл басынан бері 6 159 моделі өткен. Сарапшылар оның сауда статистикасын көріп, шошынды: 2023 жылғы 5 аймен салыстырғанда -65,1% төмендеді! Қытайлық Chery дилерлері қазақстандық иелеріне 5 428 автомобильдің кілтін тапсырды. Саудасы қызып тұр және бірден +60,9% өсті. Бестікке тағы бір қытайлық бренд — JAC (4 022 дана, өсім +165,8%) кірді.

Бәлкім, солардан кейін удай қымбат люкс-көліктер орналасқан шығар? Жок, ондыққа қытайлықтар — Changan, Jetour, Haval және Geely енді. Ондыққа әупірімдеп жапондық Toyota іліге алды.

«Қазақстанның Автокөлік Одағының» дерегінше, биылғы жыл басынан бері Lexus-тың 1 447 бірлігі ғана өтті, сауда -0,8% кеміді. BMW қымбат нұсқаларының 155 бірлігі ғана сатылған, саудасы -77,8%-ға құлады. Өзге люкс-автомобильдерінің сатылымы тым аз, бірлі-жарым болғандықтан, статистикада егжей-тегжейі келтірілмейді.

СӘНҚОЙЛАР ҚАНАФАТ СЕЗІМІНЕ БАС ҰРҒАН БА?

Осы аптада әлемде люкс брендтердің акциялары жаппай құлады. Соның ішінде кеше, әсіресе, сән-салтанат тауарларын өндірумен айналысатын ірі еуропалық компаниялар зардап шекті. Reuters сарапшыларының түсіндіруінше, бұған Қытай экономикасындағы дағдарыстың жаңа нышандарының пайда болуы серпін берген. Шығыс көршімізде қымбат тауарларға деген

сұраныс кейінгі кезде қатты төмендеді, мына жағдайда сарапшылар «ҚХР-дағы бұл құлдырау жаңа тереңдіктерге жетеді» деп алаңдайды. Шың елі дәстүрлі түрде сән-салтанат заттарын өткізудің жаһандық шешуші нарығы саналады.

STOXX Europe Luxury 10 тобына біріккен он аса ірі еуропалық люкс компанияларының акциялары өткен бейсенбіде тағы 3,4%-ға төмендеп, рекордтық минимумға жақындады. Престиж сегментінде ең қымбат компания саналатын, Louis Vuitton, Christian Dior сияқты брендтерге ие LVMH акциялары бір күнде 3,5% кеміді. Hermes сән үйінің акциялары 6%-ға, италиялық Brunello Cucinelli 5% құлдырады.



Сән-салтанат заттарының «ең көрнекті өкілі» қымбат көліктер екені белгілі. Бәлкім, қазақстандықтар бар жиғанын соған салып жатқан болар? «Қазақстанның Автокөлік Одағы» (ҚАО) берген мәлімет бойынша бір ай ішінде 12 032 дана жеңіл автомобиль мен жеңіл коммерциялық көлік сатылған.

Reuters құлдыраудың бір себебі ретінде әлемдік экономикаға төніп келе жатқан дағдарысты атады: ҚХР ахуалының нашарлығына байланысты JPMorgan қытайлық акцияларға Vuu рейтингін беруден бас тартып, инвесторларға оны сатып алмауға кеңес берді. Жаһандық алпауыт Американың да жағдайы мәз емес. 5 қарашадағы президенттік сайлаудан кейін АҚШ ахуалы тіпті жаман болуы мүмкін. Reuters сайлаудан соң Қытайға қарсы тосқауылдаушы баж алымдарының «екінші толқынының» енгізілуі қаупі бар деп отыр. Еуропаның лидері Германия экономикасында екінші жыл қатарынан рецессия. Бұл елде Volkswagen автоконцерні бірнеше зауытын жабуға және жұмысшыларын жаппай босатуға ниетті.

Осы ауанда әрбір бикештің арманына айналған Tiffany зергерлік үйі Қытайда, басқа елдерде флагмандық дүкендерінің алаңдарын қысқартуға кірісті. Бұл туралы Bloomberg хабарлады. Мұның бәрі сән-салтанат заттарына маманданған компаниялар өсіп-өнген бизнес ортаның қиындықтары барған сайын ушыққанын көрсетеді. Экономикалық құлдырау мен

кризис жағдайында люкс секторының жаһандық алыптары оңтайландыру шараларын қабылдауға мәжбүр.

Morningstar акциялар бойынша аға аналитигі Елена Соколованың айтуынша, Tiffany-дің жағдайы — мұқият бақылауға тұрарлық нысана: оның проблемалары люкс заттар нарығында «домино эффектісіне» түрткі болуға қабілетті көрінеді.

Ал The Business of Fashion басылымының негізін қалаушы Имран Амед апталық бағанасында әлем жұртшылығының сән-салтанат заттарын тұтынудан бойын аулақ сала бастағанын жазды.

«Бұл — жай сезім, түйсік деңгейіндегі емес, нақты цифрлардан туындаған түсінік. Kering мен LVMH сияқты гиганттардан бастап, люкс нарығының барлық дерлік басты ойыншысы биылғы жылдың I жартысын теріс нәтижемен қорытындылады. Ferragamo, Hugo Boss — доминода құлаған соңғы тасқа айналды», — деген пікірде сала сарапшысы Имран Амед.

Сауданың құлдырауының «сәнді трендіне» Gucci қозғау салды. Bloomberg жазғандай, биылғы 20 наурызда Gucci, Saint Laurent, Balenciaga, Bottega Veneta және басқа маркалар қожайыны Kering люкс конгломератының акциялары өсу орнына 14% күрт арзанды. Бұған Gucci флагмандық брендінің түсімінің бірінші тоқсан қорытындысында 20% төмендеуі себепкер болған.

Доминоның гүрс етіп құлаған өзге тастары қатарында Burberry (саудасы бірінші жартыжылдықта 22% құлады), Ferragamo (41% операциялық табысынан айырылды), Hugo Boss (-42%) және басқасы бар. Бұл жерде сарапшылар соңғы неміс бренді 2021 жылдан бергі ең нашар көрсеткіш көрсетіп отырғанын жеткізді.

Эксперттер мұндай жағдай тек биыл тіркеліп отырмағанын еске салады. Мысалы, сәнқойлар түгіл, былайғы жұртқа түсіндіруді қажет етпейтін Gucci брендінің түсімі 2023 жылы 9,8 млрд еуроға дейін құлады. 2024 жылдың бірінші тоқсанында түсімі тағы 18% кеміді. Yves Saint Laurent-ның сатылымы биылғы бірінші жартыжылдықта 7% түсіп кетті. Өзге люкс брендтердің төмендеуі 6% шамасында.

«Қанағат қарын тойғызар, қанағатсыз жалғыз атын сойғызар» дейді дана қазақ. Сән-салтанат заттарымен шектен тыс әуес-

тену, тойымсыздық пен ашкөздік таныту адамзатқа жақсылық әпермейді. Аңыз бойынша әлсіреген Рим империясының түбіне жібек жеткен деседі. Император Тиберийдің тыйым салғанына қарамастан, сипауға жұмсақ, тәнге жайлы жібек Римде удай қымбат сән-салтанат затына айналған. Римдік ығай мен сығайдың осы люкс-өнімге шектен тыс іңкәр болғаны сонша, оның 12 метрден тұратын 1 орамасының құны жоғары жалақылы әскеридің жылдық табысынан асып түскен. Шетсіз-шексіз соғыстар салдарынан Ұлы Жібек жолымен жеткізілетін жібек қат нәрсеге айналады. Оған ие үйлер тонауға ұшырайды, соны өш алу, қылмыс-қырғынға соқтырады.

БҰҰ әлемде 281,6 миллион адамның аштықтан зардап шегіп жатқанын айтып дабыл қағып жатқанда кейбір бай-бағыланның, блогерлердің әсіре малшашпаққа салынуы абырой, жетістік емес. Қанағатшыл адамның жүрегі тыныш, көңілі тоқ болады. Өйткені ол өзінде барды бағалай біліп, өзінде жоқ дүние үшін ешуақыт күйінбейді. Мұндай ортада әлеуметтік кернеу де өршімес.

АЛАМАН

7 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕНБІ

КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНЫ ҰЛТТАРДЫ ЖАҚЫНДАСТЫРАДЫ

Ертең көптен күткен, төрткүл дүние көз тіккен дүбірлі доданың алғашқы ойындары өтеді. Жоспарланған кестеге сәйкес, бүгін этноауылдың ашылу салтанатында қала тұрғындары мен қонақтарына арналған «Астана – көшпелілердің астанасы» атты театрландырылған қойылым ұсынылады. Ал бір аптаға созылатын нағыз көшпелі халықтардың ойындарына негізделген спорттық жарыс бұрынғысынан несімен ерекшеленеді? Қазақстандық спортшылар мен ойындардың нақты статистикалық көрсеткіштерінде өзгерістер бар ма? Көшпенділер ойыны жүлдеге таласатын спорттық олимпиада ма немесе тарихи тамыры ұқсас елдердің басын қосатын фестиваль ма?

Соңғысы Түркияда өткен IV Көшпенділер ойындарында Қазақстан құрамасы сапында 200-ден астам спортшы қатысып, спорттың 13 спорт түрінен ел намысын қорғаған болатын. Нәтижесінде, қазақстандық спортшылар 9 медальды қоржынға салды. Көшпенділер өркениеті мұрасын сақтауға әрі оны қайта жаңғыртуға арналған шара биыл Қазақстанда тұңғыш рет өтіп жатыр. Ойынның жаңа жылында қатарға тағы басқа да спорт түрлерінің қосылғанын айта кету керек. Мәселен, тоғызқұмалақ ойыны көшпенділер ойындарының бағдарламасына ең алғаш енген спорт түрі болса, бес асық ойыны биыл бірінші рет жарыс қатарына қосылып отыр. Сондықтан оған дайындықтық барысы жоғары деңгейде өтуде. Осы жылғы көшпенділер ойынына арнайы 5 оқу-жаттығу жиыны Алматы, Шымкент, Щучинскі қалаларында және Қырғызстанда өтті. Ал биыл бесінші рет ойналғанын тоғызқұмалақ ойынына қатысушылардың бәрі – көшпенділер ойынының алғашқы ойыншылары.

«Тоғызқұмалақ – ойыны бағдарламаға алғашқы енген спорт түрлерінің бірі. Қырғызстанда өткендіктен, «тоғуз коргоол» деген атаумен өтті. Бізде жыл басынан бері көшпенділер ойындарына іріктеу болды. Іріктеуден үздік шыққандар алғашқы оқу-жаттығу жиынын Түркия еліндегі Ыстанбұл қаласында өткізді. Яғни, біз бұл жиында түріктермен өзіміздің тәжірибелерімізбен алмастық. Ол дегеніміз – өзіміздің тоғызқұмалақтағы әдістерімізбен бөліссек, олар бізге өздерінің ұлттық ойындары «Мангала» (көшпенділер ойынында ойналғанын ойын) спорт түрі бойынша өздерінің тәжірибелерімен алмасты. Одан кейін осы жаздың басында, 2 апта көлемінде, Щучинск қаласында Ұлттық құрама мүшелерімен 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойынына нақты құрама дайындау мақсатында ОЖЖ (оқу-жаттығу жиыны) өткен болатын. Жиында біз басқа да спортшылармен білетін тә-

жірибелерімізбен алмаса отырып дайындалдық. Биылғы жылғы тоғызқұмалақ ойыны мен алдыңғы өткен Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының арасында командалық есеп бойынша айырмашылық бар. Яғни, осыған дейін командалық есепте ер-жігіттер бөлек, әйелдер бөлек есептелсе, биыл өтетін көшпенділер ойындарында әйелдер-ерлер нәтижелері бірге қосылып, ортақ командалық есеп жүргізіледі. Осыған дейін тоғызқұмалақ спортынан 4 алтын медальға таласқан болса, биыл 3 алтын медальға таласамыз. Олар: жекелей әйелдер, жекелей ерлер, әйелдер-ерлер командалық есепте», – деді тоғызқұмалақ ойыны бойынша ел намысын қорғайтын Ерсұлтан Әуелбай.

Қазақстандағы Дүниежүзілік көшпенділер ойындары ұйымдастырушы-



ларының мәліметінше, жарыста 370 төрешінің 110-ы, 1 300 еріктінің 1280-і қазақстандықтар. Спорттық шараның басталуы алдында волонтерлер өз жұмысына қызу кіріскен. Олардың ойынға дейінгі жұмысының басты міндеті – дүбірлі доданы тамашалауға әр өңірден, басқа елден келген қонақтарды қарсы алу.

«Координаторлар тамыз айында бөлімдерге бөлініп, өз жұмыстарын бірден



бастап кетті. Толықтай 1 300 волонтердің тізімі алынып, бөлімдерге бөлінді. Осы аптада толықтай аккредиттелген бейждерін, экипировкаларын алды. Бөлімдер объектілерге бөлініп, жұмыстарын бастады. 5-6 күндерінен бастап делегацияларды волонтерлеріміз қарсы алып,



Тарихи ұқсас, көшпенділер ұрпағы атанған халықтардың арасында ұйымдастырылған спорттық жарысқа «фестиваль форматындағы сайыс» деп баға бергендер де болды.

«Осындай ойынның ұйымдастырылғаны да дұрыс. Кейбір спорттық олимпиадаларда жүлде үшін тартысқа түскендер бір-біріне жауласып алатыны бар ғой. Бірақ көшпенділер ойыны, әсіресе, Орталық Азия халықтарын бір-біріне жақындастырады. Менің ойымша, күндіз спорттық ойындардың түрінен сайыстар өткізіп, кешке қатысушы әр ұлттың дәстүрін, музыкасын көрсетіп, керек десеніз, білім жағынан да жарыстар қосып жіберу керек. Білсеңіздер, көшпенділер ойындарының басым бөлігі күресу, ат үстіндегі ойындардан тұрады. Не дегенмен, білекті емес, білімді мыңды жығады», – дейді мәдениеттанушы Бүркіт Аяған.

Бәсеке болған жерде түрлі көзқарастың айтылуы – заңдылық. Қалай десек те, көшпенділер ойынының негізгі мақсаты – спорттың түр-түрінен әр халықтың мықтысын анықтап, оларды бөле жару емес, спорттың мықты түрін анықтап, халықтарды мәдениетаралық коммуникация жағынан жақындастыру екен түсінгеніміз абзал.

қонақүйлеріне жеткізіп жатыр. Шетелден: Ресей, Франция, Қырғызстан елдерінен волонтерлер келді. Біздің құрамдағы волонтерлер олардың қонақүйлерге жайғасуына көмектесіп жүр. Олар еліміздегі осындай ауқымды шараның мүшесі болуға дайын. Бұның алдында волонтерлер Президентпен кездескен еді. Тағы бір айта кетерім, координаторлар мен тим-лидерлерге арнайы дәріс те өтілді. Спикерлер келіп, білгендерімен бөлісіп, жанкүйерлерге мотивация көрсетті десем болады. Күні кеше барлық волонтердің жиыны өтті. Барлығының басын қосып, көрісіп, ерекше рухани күшке ие болды», – дейді БАҚ бөлімі бойынша координатор Сабир Жорабекова.

С. БЕГІМБАЙ

БІЗДІҢ СҰХБАТ

7 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕНБІ

Жаңа оқу жылы басталды. Еліміздегі жоғары оқу орындарына ондаған мың студент оқуға түсті. Соның ішінде биыл 280 талапкер Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясын таңдап, музыка өнерін меңгеруге бел буды.

Қазақстан мен шетелдерде қажет білікті мамандарды даярлауды жоғары деңгейде қамтамасыз етіп келе жатқан еліміздің жетекші музыкалық жоғары оқу орнына биыл – 80 жыл. Көпке белгілі музыканттарды тәрбиелеп шығарған бірегей білім ордасының бүгінгі жағдайы, консерваторияның биылғы мерейтойын қалай тойлау жоспарланып отырғаны, оқу орнының материалдық-техникалық базасы мен оқыту үдерісіндегі мәселелер, студенттер мен профессорлар қандай қиындықтарға тап болып жатқаны туралы ректор Гауһар Тасбергеновамен сұхбаттасқанды жөн көрдік.

Гауһар ТАСБЕРГЕНОВА:

КОНСЕРВАТОРИЯНЫ ЖАҢА ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРУ – БАСТЫ МАҚСАТ

– Гауһар Қошқарбекқызы, ректор қызметіне тағайындалғаныңызға көп уақыт өтпеді. Нақтырақ айтқанда, Қазақстанның ғана емес, бүкіл дүниежүзіндегі музыка сахнасына кадр дайындап отырған білім ордасының басшысы қызметіне кіріскеніңізге екі ай болды. Студенттерді қабылдауға дайындала алдыңыз ба?

– Қызметке жаңа тағайындалғаныммен, консерватория өзім түлеп ұшқан мектебім. Менің бүкіл өмірім консерваториямен байланысты. Осы жерде фортепиано сыныбын бітірдім. Кейін осында «Арт-менеджмент» бағдарламасы бойынша PhD докторы атандым. Сондықтан консерватория студенті болудың қандай екенін жақсы білемін.

Дайындыққа келетін болсақ, жаңа оқу жылына тастүйін әзірміз десек те болады. Биыл 250 студентті грантка, 30 студентті ақылы негізде қабылдадық. Қазір бізде 20-дан астам мамандық бойынша 14 кафедра бар.

Біздің жоғары оқу орны бұрыннан өз оқытушыларының жоғары кәсіби шеберлігімен танымал. Соның арқасында біз Қазақстаннан тысқары жерлерге де танымал әйгілі музыканттардың тұтас бір шоғырын тәрбиеледік. Оқуын жаңа бастап жатқан студенттеріміз де бүкіл ел мақтан ететін нәтижекті өнерпаздар болатынына шын жүректен сенемін.

– Қандай мамандықта болсын, оқытудың академиялық жағынан бөлек, практика мә-

сияқты шеберлер сабақ береді. Бұл студенттердің солист шеберлігін менгеріп қана қоймай, оркестрде жұмыс істеуді үйренуіне мүмкіндік береді. Бұл олардың болашақ мансабы үшін өте маңызды.

– Консерваторияның өз студенттік оркестрі бар ма?

– Әрине. Консерваторияда бірнеше студенттік оркестр бар. Қазір бес оркестр – симфониялық, камералық, халық аспап-

ұйымдастырған Әлемдік жастар оркестрлері фестиваліне қатысты. Консерваторияның сегіз студенті Юрий Абрамовичтің жетекшілігімен Моцарт бағдарламасын орындаған ТМД елдерінің біріккен жастар симфониялық оркестріне іріктеліп алынды. Бұл жас музыканттар үшін үлкен жетістік. Сондай-ақ біздің оркестр студенттік оркестр болса да, үздіксіз дамып, үлкен жетістіктерге жетіп келе жатқанының дәлелі.



селесі өте өзекті. Музыканттарды дайындауда практика қалай жолға қойылған?

– Иә, музыканттарды дайындау ерекше тәсілді қажет етеді. Студенттердің барлығы бірдей солист немесе концертмейстер бола бермейді. Көбі екінші немесе үшінші скрипка ретінде оркестрде жұмыс істейді. Бұл да арнайы тәжірибені қажет етеді.

Біз студенттермен жұмыс істеуге белгілі музыканттарды шақырамыз. Осылайша, олар нағыз кәсіби мамандардан сабақ алады. Мысалы, бізде «Астана Опера» театрының бірінші скрипкасы Қаламқас Жұмбабаева, дарынды дирижер Канат Омаров

тары, фольклорлық және үрмелі аспаптар оркестрлері жұмыс істейді. Бұл музыканттарды дайындаудың маңызды бөлігі. Біз студенттердің практикалық тәжірибе алуын барынша қамтамасыз ету үшін белсенді қызмет атқарамыз. Өңірлерден келген музыкалық колледждердің үздік студенттерімен тәжірибе алмасуды да енгізіп жатырмыз. Бұл оларға біздің студенттермен оркестрде бірге ойнауға мүмкіндік беріп, кәсіби өсуіне, одан әрі дамуына ықпал етеді.

Симфониялық оркестріміз жоғары деңгейде өнер көрсетіп жүр. Тамыз айында Мәскеуде атакты маэстро Юрий Башмет

тарына шын жүректен алғысымды білдіремін. Бұл біз үшін өте маңызды. Өзекті мәселелерді жоғары деңгейде көтеру оны тиімді шешуге мүмкіндік береді.

Ұзақ уақыт бойы консерватория басшылығы белгілі бір шешімдерге жауапкершілікпен қараған жоқ. Салдарынан бүгінде көптеген мәселе туындап отыр. Иә, консерваторияда қиындық тудырып отырған мәселелер бар. Мысалы, материалдық-техникалық база ескірген, жаңартуды қажет етеді. Жалпы, қаржыландыру көлемі ұлғайса, жоғары білікті мамандарды даярлауға, Қазақстанның музыка өнерін дамытуға үлкен септігін тигізеді. Тарихи маңызы зор концерттік залдарымыз күрделі жөндеуді қажет етеді. Әсіресе, орган залы. Оны қалпына келтіру үшін айтарлықтай қаражат қажет. Бұл мәселелер жедел шешуді талап етеді. Біздің меценаттар мен демеушілер де осы қажеттіліктерге назар аударады деп үміттенемін.

Ректорлық қызметке тағайындалған кезімде Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева консерваторияға қатысты проблемалық мәселелерді анықтап, оның алдағы даму стратегиясын ұсынуды тапсырған болатын. Біз осы бағытта негізгі ұсынымдарды дайындап, талқыладық. Алдағы уақытта министрлікпен бірлесе отырып, осы мәселелерді шешу бойынша жұмыс істейтін боламыз.

Консерваториямыздың келешекте дамуы үшін аса маңызды мәселелерді шешуде қамқорлық танытып, белсенді қолдау көрсеткен депутаттарымызға тағы да алғыс айтамын. Бірлескен күш-жігердің арқасында өнер ордасын жаңа деңгейге көтеріп, оның одан әрі өсіп-өркендеуін қамтамасыз ете аламыз деп сенемін.

Проблемаларға осылай көңіл бөліп, ашық айтудың арқасында біз консерваторияның оқу үдерісі мен материалдық-техникалық бөлігін тиісті деңгейге жеткізе аламыз деп ойлаймын. Ал сұрағыңызға қайта оралсақ, профессорлық-оқытушылық құрамды қысқарту болған жоқ. Қысқарту алдағы жоспарымызда да жоқ екенін толық жауапкершілікпен айта аламын. Себебі біз үшін әрбір ұстазымыздың орны ерекше. Түптеп келгенде, олар қазақ мәдениетіне қажет бірегей кадрлар.

– Консерваторияның алдағы мерейтойын қалай және қай деңгейде өткізуді жоспарлап отырсыздар?

– Биыл Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясына 80 жыл толып отыр. Бұл – әйгілі музыканттардың тұтас бір буынын тәрбиелеп, әлі де Қазақстан мен әлемнің музыка өнерінің дамуына үлес қосып келе жатқан оқу орнымыз үшін маңызды да атаулы дата.

Мерейтойлық шаралар қараша айының соңында басталып, жоғары деңгейде өтеді. Желтоқсан айының басында үлкен мерейтойлық концерт болады. Оған консерваторияны дүниежүзіне танытқан атакты түлектерді шақырдық. Қонақтар арасында біздің консерваторияның құрметті профессорлары да болады. Олар – музыкадағы әлемдік есімдер. Бірақ нақты кім келетінін айтпай-ақ қояйын. Бұл біздің қонақтарымыз бен қатысушыларымыз үшін ерекше тосынсыз болмақ.

Мерейтойлық шаралар бір аптаға созылады. Әрі тек концерттермен шектелмей, мерейтойға маңызды шығармашылық элемент қосатын шеберлік сабақтарын да қамтиды. Барша қазақстандықты Алматының ең үлкен алаңдарының бірінде өтетін осы айтулы шараға қатысуға шақырамын. Бұл біздің консерваториямыз үшін тарихи оқиға болады деп сенемін.

Біз өз тарихымызды мақтан тұтамыз және алда әлі талай жетістіктер мен үлкен жеңістер күтіп тұрғанына сенімдіміз!

– Әңгімеңізге рақмет! Қызметіңізге сәттілік тілеймін. Алдағы мерейтойларыңыз құтты болсын!

Сұхбаттасқан
Ардақ СҰЛТАН

АРДЫҢ ІСІ

7 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕНБІ

Осы біз кейде әдебиет дейтін әлемнен тың дүние, жаңашылдық іздейтіміз рас. Бұрын қойын-қоншына кітап толтырып жүретін ағайын бүгінде әлеуметтік желіге телмірген. Жылт еткен дүние болса, содан табады. Күнделікті жедел ақпараттан бөлек, көркем дүниенің де анонсын содан байқайды. Бұрынғы оқырман іздеп жүріп оқитын болса, бүгінгінің сұрағаны іздемей-ақ табылып жатыр. «Ардың ісі» деп аталатын әдебиетте нендей мұң бар, нендей өзгеріс бар? Біз көркем әдебиеттен, рухани әлемнен тым алшақ кетіп қалған жоқпыз ба? Біз бұл сауалды ақын Жанат Жаңқашұлына қойған едік.

— Жанат, әдеби әлемде не жаңалық болып жатыр? «Елең еткен бір дүние оқимыз ба?» деп, кейде әлеуметтік желіге үнілеміз. Неге әлеуметтік желіге дейтін шығарсыз, қазір шығармашылық адамының негізгі алаңы осы болып тұр. Прозада марқұм Ғалымбек Елубайдың жылт еткен жақсы дүниелері бар еді, одан кейін ол ауылдан да көп үн шықпайды. Өлең дейтін әлем әлеуметтің мұңын көрсете ала ма? Қалай ойлайсыз?

— Бұрын газеттерге өлеңіміз шықса, бөркімізді аспанға атып, алғаш өлеңі шыққан газеттің каншама нөмірін сатып алып, тұтас бөлмеге жайып қойып, еңбектеп жүріп оқыған Вознесенскийдің күйін кешетін едік. Газетте отырған редакторлар да мұны білетін. Сол себепті де бізге паң қарайтын. Қазір Facebook парақшамыз жақсы болды. Өз парақшаң, өз газетің. Газеттен де көп оқылады. Сол себепті ақындар Facebook-ке әуес.

Ал Ғалымбек Елубай жайлы айтар болсақ, керемет жазушы еді. Габриэль Маркестердің ғажайып реализмі бар еді шығармаларында. Дер кезінде бағалай алмадық. Бірнеше рет парақшама «керемет жазушы таптым» деп шығармаларын бөлістім. Тірі болса, әлі талай ұлы дүниелер жазар еді. Өз отына өртеніп кетті. Енді артындағы мұрасын жинақтау керек.

Біздің Үкімет қалыптасқан жазушыларға ғана қамқорлық жасайды. Президент стипендиясын алатындардың тізімін қараңызшы. Бірді-екілі жас болмаса, кіл мүйізі қарағайдай аға-әпкелеріміз. Ал олар қамқорлыққа зәру ме? Қамқорлық Ғалымбек секілді жастарға керек-ті...

Бейбіт Сарыбай, Қанат Әбілқайыр, Ұларбек Дөлей, Мақсат Мәлік, Әлихан Жақсылық секілді жігіттер кітап сатудың жақсы жолын тауып, жаңа бір үрдіс бастады. Бүгінгі күннің негізгі жаңалығы — осы. Бұған да біз Facebook-ке қарыздармыз. Қанат Әбілқайырдың кітабын әлі жазып жатқан кезінде әлеуметтік желідегі жарнамасына қарап, алдын ала сатып алдым. Алдыңғы жылы «Ойтамған» атты кітабымды Facebook парақшамда аукционға шығардым. Алғашқы жарна 3 мыңнан басталды. Аяғында бір данасы 15 мыңға сатылды. Ал «AMANAT» партиясының Қарағандыдағы филиалы ұйымдастырған аукционда Серік Ақсұңқарұлы ағамның бір кітабы 25 мыңға өтті. Кітапті қадірлейтін адамдар әлі де бар. Сондықтан жоғарыда аты аталған жазушыларымыздың кітап сатудағы жаңа жолы қуантарлық хәм құптарлық.

— «Ол жақта да Жаңқашұлы жыр жазып жүр» дейсіз. Ол жақ дегеніңіз — қай жақ?

— Бұл «Екінші әлем» дейтін шағын поэмадан үзінді ғой. Мына

Жанат ЖАҢҚАШҰЛЫ,
ақын:



СӨЗ ТҮЗЕЛМЕЙ, ТҰРМЫС ТҮЗЕЛМЕЙДІ

Қазақстаннан жеріген кезде, төртінші өлшемдегі (измерения) Қазақстанды іздеген, аңсаған жыр. Ол жақта Қазақстанның — дүркіреген ел. Алпауыт ел. Өзгеге құл болмаған, аштық көрмеген, отыз жыл ұры-қарыға желінбеген, ухабизмі жок, дәстүрі берік, қаруы мықты, жүз миллионға тарта қазағы бар қуатты ел. Ол жақта да Жанат Жаңқашұлы бар. Ол жақта да Гүлзина Бектас бар. Тек тарихи оқиғалары біздікінен өзгеше өрбіген. Кеселге ұрынбаған, кесесі сынбаған, кесенесі қирамаған...

— Оқырман Ғалым ағамның (Жайлыбай) әлеуметтік тақырыптағы өлеңдерін жиі оқиды. Қазіргі ақындар не жазып жүр, нені толғап жүр?

— Ғалым ағамның ұстанымы ұнайды. Қуаты мықты. Кез келген

«Сананы тұрмыс билейді дейсіз бе? Мүмкін тұрмысты сана билейтін шығар. Қарасаңыз — қазақ әнінің сексен пайыздайы зар мен мұң. Махаббат мұңы, жалғыздық зары, тағы басқа.

тақырыпты еңсеріп әкетеді. Бізге ағаларымыздың поэзияға деген махаббаты жетіспейді. Петропавлда Мағжанның мерейтойына байланысты бір жиын болады. Жас ақындар да бар. Танертенгі жиын үстінде Ғалым ағамның қатарластарының бәрі «түнде өлең жаздым» деп сиясы кеппеген жыр оқып беріпті. Ал жастар түк жазбаған. «Мен аяғыммен жазамын» деген Вознесенский еске түседі осындайда. Біздің аға буын аяғымен жазады. Поэзияға сонша ынтызар. Ал біз сүлесокпыз. Мен бұл қасиетті Серік Ақсұңқарұлынан «Түркия ғазалдары», Светка Нұржаннан



жыр бәйгесі, мерейтой) көрініп қалатыны рас қой. Мойындаңызшы. Яғни, байқауға арнап жазылған дүниелер көбейді. Одан өзге уақытта шабыт қыспақ ма?

— Жүлде үшін жазылған дүниенің бәрі керемет дей алмаймыз. Кей мүшәйраларда өзіміз де қазылық етеміз. Сонда «мүшәйраға керемет өлең түспейді» деген ұстаныммен, сәл төмен талаппен қараймыз. Біздерге бұл жүлденің атағы емес, ақшасы керек. Анығы — осы. Бұл шабыттанғаннан емес, шарасыздықтан жазылған дүние деп біліңіз. Әлі күнге дейін баспанасыз жүрген ақындар бар. Сол мүшәйраның қаржысымен үйдің алғашқы сомасын салып, үйлі болған бауырлар да бар. Әйтпесе, бізді басымыздан сипар Үкімет жок. Ақын-жазушылардың осындай бәйгелерге көптеп қатысуына кешіріммен қараңыздар дер едім.

— «Молданың бар сүрені бір мақаммен оқитыны секілді бір мұңға

салып, батқан күннен, құлаған тамшыдан өздерін іздейді де жүреді. Мұнаяды. Жылайды. Өкпелейді. Бұл мас адамның былдырындай хәм дәл соның өмірге өкпелегеніндей әсер қалдырады. Сосын бір-бірінің аузына түкіргендей «өлеңдегі» аура-лары бір-бірінен аумайды» депсіз. Бұл ойыңыз өзгерді ме?

— Жок, өзгерген жок. Бұл ақ өлеңшілер туралы айтқаным болса керек.

— Аға буынмен әңгімелесе қалсаңыз, әр шыққан шығармасын не болмаса кітабын кезінде Әдебиет үйінде сыншылар тас-талқан сынағанын айтады. Қазір мұндай әдеби үрдіс байқалмайды. Сыншылар да «көңілге» қарайтын болып алды-ау деп ойлаймыз. Өйткені бірін-бірі мақтаған, бірін-бірі биікке көтерген бірсарынды дүниелер көбейді. «Қатты айтсам, жақыныма жақпай қаламын ба?» деген қорқыныш басым секілді. Неге?

— Өте дұрыс айтасыз. «Албасты да қабағына қарап басады» деуші еді атам. Қазіргі сыншылардың бұрынғыдай беделі жок. Сол себепті де жетім баладай қабаққа қарап қалды. Қарағандыда Жансая Жарылғап дейтін мықты ағамыз бар. Мағауиннің өзі мақтаған сыншы. Сол ағама «Неге сын жазбайсыз?» десем «бәлесінен аулақ» дейді. Мәдениет министрлігі осы сыншыларға қолдау көрсету керек. Жылына қаншама кітап шығарады. Сол кітаптарды шығарар алдын сыншыларды жинап, сүзгіден өткізіп, рецензия алуға тиіс. Сонда сыншының да беделі өседі. Беделді сыншы кез келген адамды қорықпай сынады. «Бәлесінен аулақ» демейді. Қазір көрінген ақынсымақ, жазушысымақ мемлекеттік тапсырыспен кітап шығартып жатыр. Осыған тойтарыс беру керек. Мемлекет нақты жауһар дүниелерге, ұлтқа керек әдебиетке ғана қаржы шығаруға тиіс.

— Жалғыз өлеңмен жан баға алмайтыны белгілі. Ақындардың шығармашылығына кедергі келтіретін не дүние? Әлде, сананы тұрмыс билеп кетті ме?

— Сананы тұрмыс билейді дейсіз бе? Мүмкін тұрмысты сана билейтін шығар. Қарасаңыз — қазақ әнінің сексен пайыздайы зар мен мұң. Махаббат мұңы, жалғыздық зары, тағы басқа. Ал дамыған елдердің көп әнін тыңдасаңыз, «мен жеңемін», «мен мықтымын» деп келеді. «Жақсы сөз — жарым ырыс» деген бар. Қалай сөйлейсің, солай ғұмыр кешесің. Сөз деген — ұлы күш. Абай ағамыз «Сөз түзелді» деп еді. Басқа мағынада айтты ғой, әрине. Ал шынтуайтында, сөзіміз әлі түзелген жок. Сөз түзелмей, тұрмыс түзелмейді.

— Өлең сатып күн көруге бола ма? Жалпы, ол (сату) мүмкін бе?

— Қазір атын ұмытып отырмын. Американың бір жас ақыны өлеңдерін машинкаға басып, парақ күйінде бірнеше долларға сатып күн көріп отыр. Яғни, болады.

— Шығармашылық адамына не жетіспейді? Еркіндік, аудитория, білім, мүмкін, көп ақша шығар. Солай ма?

— Шығармашылық адамына ізденіс жетіспейді. Қаншама ағаларымнан осыны анық байқаймын. Құдай берген талант бар. Білім жок. Ізденбеген адам тоқырауға ұшырайды.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Гүлзина БЕКТАС

МӘСЕЛЕ

7 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕНБІ



ЖАЛҒАН АҚПАРАТ БЕРГЕНДЕР ЖАЗАСЫЗ ҚАЛА МА?

Ел экономикасының негізгі драйверінің бірі – ауыл шаруашылығы. Алайда асыраушы салада бауын тапса, байлауын таппаған, тіпті «Бармақ басты, көз қыстыға» жол берген тірліктер аз емес. Бұл бағытта Жамбыл облысында да жүрісінен жаңылған жұмыстар жетерлік. Бұл жөнінде Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте облыс әкімінің орынбасары Әбілхайыр Тамабек ашып айтып, бірқатар былықтың бетін ашты.

А Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Әбілхайыр Ғалымұлының сөзіне сүйенсек, биыл ауыл шаруашылығы саласын қолдауға 29,2 млрд теңге бөлінсе де, аудан әкімдері тарапынан көзбояушылыққа жол беру азаймай тұр екен. «Сұлу» статистика түзуді көздеген шенділер егістік көлемі мен мал санын жалған көрсетіп, жақсы атты болу үшін қулыққа басқан екен.

– Игеріліп жатқан жалпы егістік көлемі мен су үнемдеу технологияларын пайдалану аландары бойынша есептер ұсынуда бір-біріне сай келмейтін деректер анықталды. Мәселен, облыс аумағында 2023 жылы ауыл шаруашылығы дақылдары 762,5 мың гектардың орнына 626,7 мың гектарға егілгені белгілі болды. Яғни, 136 мың гектар егістік алқабы тек қағаз жүзіндегі жер болып шықты. Сол сияқты су үнемдеу технологиялары енгізілген алқап көлемі 57 мың гектардан 40 мың гектарға қысқарды. Мал басы мен өндірілген өнім



көлемінде де ауытқулар бар. Жыл басында облыста 4,1 млн бас мал бар деп көрсетілсе, тексерістен кейін олардың саны 3,4 млн бас екені анықталды. Яғни, 762 мың бас мал шын мәнінде жоқ. Сондай-ақ өндірілген 34 мың тонна ет пен 115 мың тонна сүт те құр статистика болып шықты, – елді облыс әкімінің орынбасары.

Бұдан бөлек, егін жинау науқанына аудан әкімдері 10 мың дана ауыл шаруашылығы техникасы шықты деген есеп берсе, бұл да тек статистика түзген тракторлар мен комбайн болып шыққан. Қазір қолдану мерзімі 25 жылдан асқан 3 280 бірлік техника есептен шығарылып отыр. Яғни, аталған техника жарамсыз күйде. Оның орнын толтыру үшін биыл 324 дана өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы алынған. Алайда бұл жоспардың 5,8 пайызы ғана.

Биыл облыстағы өнеркәсіп кәсіпорындары 494,9 млрд теңгенің өнімін өндірген. Бірақ бұл да жоспарлы межені диттеген көрсеткіш емес. Өнеркәсіп саласындағы ақсаған тұсымыз – тамақ өнеркәсібі. Өндірістің төмендеу себебі, былтырғы тамыз айынан бастап өңірдегі екі қант зауыты жұмыс істемей тұр. Олардың қанттары Ресей мемлекетіне келетін қанттың бағасына бәсекелестік көрсете алмай өндіріс көлемі құлдыраған. Ресейлік қанттар келісіне 300 теңгеден сатылса, жамбылдық қант зауыттары өнімдерін 400 теңгеден саудалап, соны өздері шығынға батып отыр.



Химия өнеркәсібіне келсек, әлемдік нарықтағы минералдық тыңайтқыштар бағасының төмендеуінен отандық химия өндірісі тағы бәсекелестікке төтеп бере алмаған.

Химия өнеркәсібіне келсек, әлемдік нарықтағы минералдық тыңайтқыштар бағасының төмендеуінен отандық химия өндірісі тағы бәсекелестікке төтеп бере алмаған.

Металлургия өнеркәсібінде де жағдайымыз мәз емес. Мұнда да әлемдік нарықта феррокорытпаның арзандауынан Тараз металлургия зауыты жұмысын тоқтатқан. Өндіріс орны өз жұмысын тек биылғы қыркүйек айының соңында бастайды деп күтілуде. Бірақ зауыт 9 мың тонна ғана өнім өндіруге қауқарлы болмақ.

Әбілхайыр Ғалымұлының айтуынша, қант зауыттары өндірісін арттыру үшін оның бағасын 355 теңгеге төмендету керек екен. Сондай-ақ сырттан тасылатын контрабандалық қанттардың жолын кесу қажет. Сонда ғана жамбылдық қант зауыттарын қуатты күшіне шығара аламыз.

Биыл өңірде жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерліктердің саны 106 053 бірлікті құраса, былтырғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 1,5 пайызға төмендеген. «Сонда шағын және орта бизнесті дамыту бағытында жылда беріліп жатқан мемлекеттік гранттар мен қаржылық қолдау қайда кетіп жатыр?» деген орынды сұрақ туады.

Инвестиция саласына тоқталсақ, есепті кезеңде облыстың негізгі капиталына 247,3 млрд теңге инвестиция тартылған. Алайда Әбілхайыр Тамабектің айтуынша, инвестор көп, бірақ тиісті инфрақұрылым жоқ екен. Бір жерде газ болса, бір тұста су қамтылмаған. Бір аймаққа жол

құм мен Сарысу ауданы аумағында «Бетпақдала» мемлекеттік табиғи қауымалы құрылып отыр. Сондай-ақ «Меркі» және «Сұлутөр–Ботамойнақ» табиғи парктерін құру жұмыстары жүргізілуде.

Бүгінде облыста 289 жер қойнауын пайдаланушы тіркелген. Алайда олардың барлығы жұмысын адал істеп жатыр дей алмаймыз. Биыл жүргізілген тексеріс нәтижесінде 38 жер қойнауын пайдаланушыға заңбұзушылықтары бойынша хабарлама жіберіп, оның қазір 11-і лицензиясынан айырылған.

Бірнеше жылдан бері айтылып келе жатқан мәселе – өңірде орналасқан кәсіпорындардың салықты өзге өңірге төлейтіндігі еді. Бұл бағытта қазір сең қозғалғандай. Олай дейтініміз – салықтық түсімді ұлғайту үшін бүгінде қазба бағытындағы 3 кәсіпорын облысқа қайта тіркелуде. 6 өндіріс орны өңірге қайта тіркелуге ниет білдіріпті. Ал қалғанына түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Мал жайылымына қатысты да жаңа батып тұрған мәселелер бар. Облыста қазір мал басын жаюға болатын 3,6 млн гектар ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер болса, елді мекендерде 741 мың гектар, орман қорында 1,7 млн гектар және босалқы жер қорында 942,5 мың жер тіркелген. Алайда бүгінде 42 елді мекенде жайылым мәселесі өзекті болуда. Осыған орай ауылдық округтерге босалқы жер қорынан 22,9 мың гектар жер беру көзделуде. Бұдан бөлек, 87,5 мың гектар игерілмей жатқан жер мемлекет меншігіне қайтарылып, оны жайылымдық мақсатта пайдалану жоспарлануда. Осылайша, 42 елді мекеннің 25-нің жайылым жер жетіспеушілігінің мәселесі шешілмек. Алайда 17 елді мекеннің түйткілі сол күйі түйін болып қалмақ. Оны шенділер бүгін-ертең шеше алмайтындықтарын ашып айтуда.

Әбілхайыр Ғалымұлы бұдан бөлек брифингте шетелдік туристер облыстағы қонақүйлерді сынап кетіп жатқанын да жасырмады. Осыған орай алдағы уақытты үш-бес жұлдыздық қонақүйлерді салу жоспарланбақ. Сондай-ақ келе жатқан бері жыры бітпей келе жатқан «Қаралма» тау-шаңғы кешенінің де құрылысы келер жылы бітеді деп күтілуде. Ол үшін тиісті инвестормен келіссөздер жүргізіліп жатқан көрінеді.

Бір жылдары Жамбыл облысында алма бақ шаруашылығы да мықтап қолға алынған болатын. Алайда сол бақтар түйін бермей түбімен қурап кетті. Бұған қатысты облыс әкімінің орынбасары алма бақтардың жобасы о баста дұрыс жасалмағанын жеткізді. Сондықтан қазір бірнеше шаруашылықпен соттаса процесі еріп жатыр екен.

Әрине, өңірдің асыраушы саласында барлық бағыт сын көтермейді дей алмаймыз. Оң динамика сақталған тұстарымыз да аз емес. Алайда аудан әкімдері «сұлу» статистика үшін жалған ақпарат бергені жақсылыққа апармайтынын әркімнің іші біліп отыр. Демек, жергілікті билік өкілдері жылдар бойы жоғарғы жақтың аузын қу шөппен сүртіп келді деген сөз. Бұл енді жазасыз қала ма, жоқ па – белгісіз. Оны биік мінбердегілердің еншісіне қалдырдық...



Жұлдыз ОМАРБЕК,
«Бауыржан»
қайырымдылық қоры мен
KitarFest фестивалінің
негізін қалаушы:

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ

— Жұлдыз Қажыкенқызы, биыл Алматы жұртшылығы асыға күтетін KitarFest кітап фестивалі оныншы рет өткізілгені отыр. Ұлт руханиятын ілгерілетуде тарихы ұзаққа созылған мұндай тың бастамалардың болуы — жетістік. Ең әуелі еліміздегі алғашқы кітап фестивалінің шығу тарихы мен жыл сайынғы даму үрдісіне тоқталып өтсеңіз. Жоба қалай дүниеге келді?

— KitarFest жобасы алғаш 2014 жылы тұсауын кесті. Биыл «Бауыржан» қайырымдылық қорының құрылғанына жиырма жыл болса, кітап фестиваліне он жыл толып отыр. Біз кітап фестивалін қолға алған уақытта әлеуметтік жобалармен он жылдай айналыстық. Сол кезде барлық әлеуметтік мәселенің түп-тамыры білімсіздіктен екеніне көзіміз жетті. Осының арқасында біз қазақстандықтарды кітап оқуға баулитын жаңа жоба жасап шығарғанымыз келді. Сол кездері мен Мәдениет басқармасында қызмет еттім. Басшының алдына кіріп, қолға алған жобамызға қолдау көрсетугін сұрадым. Мәдениет басқармасының басшысы да кітап фестивалінің өтуіне қолдау көрсетті. Бірақ осы бастаманы жүзеге асыра бастаған уақытта алдымыздан көптеген кедергі шықты. Олай дейтін себебім, 2014 жылы тәуелсіз баспалардың саусақпен санарлықтай болуы, кітап дүкендерінің жоқтығы, қазақша кітаптардың басылып шықпауы сынды түрлі мәселеге тап болдық. Кейіннен кітап нарығындағы осындай мәселелердің шешімі болатын KitarFest жобасы дүниеге келді.

САН МЕН САПАДА ӨСУ БАЙҚАЛАДЫ

— Қоғамда кітап оқитын жастар аз деген жанақ пікір қалыптасқаны жасырын емес. Дегенмен кітап фестиваліне ағылып келушілердің санына қарап, бұл қалыптасып қалған таптаурын көзқарас екенін бағамдауға болады. Фестиваль бастау алған уақыттан бері оқырман саны мен кітап мазмұнының сапасында өсу байқала ма? Он жыл уақыттың ішінде қандай өзгерістерді бастан кештіңіздер?

— Әрине, сан мен сапада өсу байқалады. Тұңғыш 2014 жылы фестивалімізге шамамен 7-8 бастауы мен кітап дүкендері қатысты.

ӘДЕБИЕТКЕ СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ

Біз қатысушылар санын көбейтіп, іс-шараны өз деңгейінде өткізуге тырыстық. Алайда сол кездері фестивальге үлкен дүкендер мен баспа үйлері келісі келмеді. «Біз онда не істейміз? Күніне қаншама кітап сатылмайды. Көлікпен бүкіл кітапты тасуымыз қажет. Аланда кітаптарды сатып болған соң қайтадан алып қайтуымыз тиіс» деп көбі жобаға қатысудан бас тартты. Сосын біз кітап дүкендері мен баспа үйлерін көлікпен және басқа да қажетті заттармен өзіміз қамтамасыз ететінімізді айтып фестивальге келуін сұрадық. Шынымы айтысам, алғашында кітап дүкендері мен баспа үйлерінің артынан жүгірумен болатынбыз. Ал қазір керісінше фестивальде кітаптарын қоятын орынға таласып, тіпті алаңнан екі-үш орын алуға ниет танытқандар бар. Қазір жобамызда 70-ке жуық қатысушы бар. Бұрын жылына 1-2 кітаптың тұсауын кессек, былтыр 50 кітаптың таныстырылымы өтті. Биыл күзде 27 кітаптың тұсауы кесілгені отыр. Олар — негізінен қазақстандық жас жазушылардың жаңадан басылып шыққан туындылары. Тағы бір атап өтерлік өзгеріс, фестиваль ең алғаш ұйымдастырылған жылы бізде бір ғана жазушылар шатыры болды. Уақыт өте келе шатырлар саны да көбейді. Қазір біз мұнда түрлі семинар өткіземіз.

ҚАЗАҚ ШАТЫРЫНА КЕЛУШІЛЕРГЕ ОРЫН ЖЕТпейді

— Алматы қаласында қыркүйек айында өтетін кітап фестивалі оқырманына қандай тосынсыз әзірлеуде? Биылғы фестивальдің бұрынғыға қарағанда өзіндік ерекшелігі бар ма?

— Қыркүйек айында өтетін кітап фестивалінің ең маңызды өзгешелігі — оның ауқымында. Іс-шара екі күнге жалғасады.

қа өзгерді. Керісінше, қазір қазақ шатырына келушілерге орын жетпейді.

— Бүгінде классикадан өзге, психологиялық және мотивациялық жанрдағы кітаптар дүкен сөрелерінен түскен емес. Сұраныс төмен деуге келмейді. Мұндай сарындағы кітаптарды KitarFest жобасынан да жиі көреміз. Қазіргі кітап нарығында аталған жанрларда жарық көрген туындыларға қалай баға берер едіңіз?

— Әрбір кітаптың өз оқырманы бар. Сол сияқты әр жазушының да өз аудиториясы бар. Кітаптар жазылуы керек. Ең біріншіден, саны көбеюге тиіс, өйткені саннан сапа шығады. Қазір психологиялық және мотивациялық кітаптардың сапасы жылдан жылға жақсарып келеді. Әрине, АҚШ пен Ресейдің кітап нарығының деңгейінен емес, дегенмен біз де

аударды деп білемін. Өзім де олардың кітаптарын оқимын. Тырнақ астынан кір іздесең, іздей бересің. Біз көп кітапты қазақ тіліне аударма берсек, сонында сапалымыз шығады. Өйткені біздің қоғамда бизнес, мотивациялық кітаптарды ана тіліне тәржімалайтын аудармашылар нарығы қалыптасуы тиіс.

— Білуімізше, былтыр кітап фестивалінде 50-ден астам кітап дүкендері мен баспалар өз өнімдерін ұсынса, одан бөлек 28 жаңа кітаптың тұсауы кесілді. Ал осы жолы фестиваль аясында қандай жанрдағы кітаптар оқырман қауымға жол тартпақ?

— Биыл «Жошы хан» және «Керей мен Жәнібек» (Илья Юсуф), «Қазақстан құстары. Далалық анықтағыш» (Эльмира Мустафа және биолог), «Атың шықпаса подкаст жаса» (Әйнеп Әмірхан және Бақытгүл Салыхова), «Мың ғажайып: Италияға саяхат», «Марко Полоның шытырманға толы саяхаттары» — автор: Жеронимо Стилтон (Раиса Сайран Қадыр және Эдоардо Крисафулли), «Google-де жок сұрақтар» (Еламан Төлеутай), «Не үшін кітап оқу керек?» (Данияр Жігітбек, Шараздин Канов, Мирас Кесебаев), «Песни соляных озер» (Бекнур Кисиков), «Қаныш және ғылыми майдан» (Санжар Керімбай және Айбек Нәби), «Мед и немного польши» (Мария Омар), «Тау құсы» (Елдос Токтарбай), «Аустрелин. Искусство делегирования» (Мария Лемеза), «Отрарский купец» және «Сокровища Отрарского купца» (Есенғали Садырбаев) кітаптары оқырман назарына ұсынылады.

— Фестивальге қатысуға ниет білдірген баспагерлер мен авторларға қояр белгілі бір талаптарыңыз бар ма?

— Алғашында біз фестивальге қатысуға ниет танытқан баспа үйлері мен кітап дүкендеріне бастысы жобаға келуін әрі қуана күтетінімізді айтатынбыз. Олардан тек орындарын жинап, қоқыс тастамай кетуін сұрайтынбыз. Биыл біз бұл талаптарымыздың ауқымын кеңейттік. Ең бірінші талап, біз баспа үйлері мен дүкендерге шатыр береміз. Олар сол шатырды безендіруге тиіс. Екінші талабымыз, қатысушылар жоба туралы ақпаратты өз парақшасында жарнамалауы қажет, яғни аудиториясын фестивальге шақыруы маңызды. Үшінші талабымыз, фестивальге келушілердің арасында кітаптарға ұтыс ұйымдастыру. Биыл 1000-ға жуық кітапты ұтысқа қоямыз. Сондықтан барша оқырманды кітап фестиваліне шақырамыз. Сіздерді мұнда өте тиімді бағада түрлі кітап пен қызықты кездесулер күтеді. Сонымен қатар фестивальге келушілер сүйікті жазушысының өз қолтанбасымен кітабын алуға мүмкіндік алады.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ



Биыл фестивальге 70-тен астам кітап дүкендері мен баспа үйлері қатысады, сондай-ақ 100-ге жуық спикер сөз сөйлейді. Осы жылы шамамен 10 мың кітап сатылады деп үміттеніп отырмыз. Онымен қоса, екі күн бойы өтетін фестивальге 25 мыңға жуық адам келуі мүмкін деп болжап отырмыз.

— Он жылға жуық уақыт ішінде жоба танымал қазақстандық авторлар мен баспалардың қатысуымен 200-ден астам кітаптың тұсауы кесілді. Осы ретте қазір көпшілік назарына ұсынылып жүрген кітаптардың мазмұны мен сапасына қалай баға берер едіңіз?

— Жазу өнері, жазушылардың кәсіби деңгейі, кітаптардың мазмұны мен сапасы жыл өткен сайын өсіп келеді. Қазір қазақ тіліндегі әдебиетке сұраныс өте жоғары деп айта аламын. Мәселен, алғашқы жылдары адамдар орыс тілінде жазатын жазушылармен кездесуге ағылып келетін. Ал қазақ шатырына келушілер саны аз болатын. Міне, он жылдың ішінде бұл үрдіс толық 180 градус-

тәй-тәй басып, алға көтеріліп келе жатырмыз. Келешекте бұл мәселе қоғамдық қордан ғана емес, мемлекет тарапынан да қолдау тауып, жазушыларды қолдауға бағытталған жобаларға гранттар көбірек бөлінуге тиіс деп санаймын.

АУДАРМАШЫЛАР НАРЫҒЫ ҚАЛЫПТАСУҒА ТИІС

— Кейінгі кездері шетел әдебиеті қазақ тіліне тәржімаланып, оқырманның әлем мәдениеті мен тарихына деген қызығушылығын арттырып отыр. Жыл сайын фестивальден де аударма кітаптар ерекше орын алады. Дегенмен кейбірі ана тілімізге аударылған шығармаларға көңіл толмай жатады. Қазір отандық баспа үйлерінің оқырман назарына ұсынып отырған аударма кітаптарының сапасы мен мазмұнына көңіліңіз тола ма? Не жетіспейді?

— Иә, көңілім толады. Аударма саласы — өте күрделі жұмыс. Қазір кітап нарығында қызмет етіп жүрген қыздар мен жігіттер әлем әдебиетін ана тіліне жоғары сапада

7 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕНБИ



БАЛҚАШТЫҢ ЖАҒАЛАУЫ ЖАЙНАЙ ТҮСЕДІ

Ел дамуының маңызды мәселелері бойынша республикалық референдумда айтылғандарды орындау өңірлердің өркендеуіне де жол ашары анық. Осы бағытта Жетісу облысында да үлкен істер атқарылуда. Солардың қатарында өңірдің туристік әлеуетін ел игілігіне айналдыру да бар.

А **Болат АБАҒАН,**
Жетісу облысы

Облыстағы туристік аймақтың бірі — Балқаш көлінің жағалауына жаз айларында демалатындар саны жыл сайын артуда. Биыл Талдықорған мен Лепсінің арасын жалғастыратын күрежол біршама реттеліп қалды. Келер жылы толықтай жөнделеді. Қазір мұндағы жұмыстар қызу қарқын алған. Сонымен бірге жағалауға инженерлік жүйелер тарту жұмыстары да басталған. Егер ойға алғандар толықтай жүзеге асса, жаз айларында Балқаш жағалауында демалатындар саны еселеп артары сөзсіз. Биыл Балқаш жағалауында бір маусымда шамамен 50 мыңнан астам адам демалса, туристік-рекреациялық аймақты дамыту жоспары жүзеге асырылып, жағалау инфрақұрылыммен қамтамасыз етілгеннен кейін демалушылар саны 450 мың адамнан асады, ал жақын елді мекен тұрғындары үшін екі мыңға жуық жұмыс орны ашылады деген батыл болжам бар.

Жоғарыда айтқанымыздай, Жетісу облысының туристік әлеуеті аса зор. Соның ішінде Сарқан ауданында тау туризмі мен Балқаш көлінің жағалауын дамытуға үлкен мүмкіндіктер бар және қазір соны ретімен жүзеге асыруға байланысты нақты жұмыстар атқарылуда. Соның бірі ретінде іске асырыла бастаған «Балқаш жағалауына туристік-рекреациялық демалыс аймағының инженерлік-коммуникациялық желісін салу» жобасын айтуға болады. Құны 7,4 млрд теңгеден асатын бұл жобаға республикалық бюджеттен биыл 2,2 млрд теңге бөлініпті.

Осынау қыруар қаржыны игеруге атсалысып жатқан «Сапа Құрылыс 2007» ЖШС жобада қарастырылған бағыттың бірі — жағалауды ауызсумен қамтуға кіріскен. Жоба бойынша ауызсу Лепсі өзенінен тартылады. Бүгінге дейін жалпы тартылуға тиісті 31,8 шақырымның 24,8 шақырымына су құбыры жүргізілді. Оған қоса, 2-ші көтергіштің су сорғысы бар су тазарту стансасының құрылысы басталды, бұл стансаның тәуліктік қуаты 500 текшеметр болады. Сонымен бірге 4 резервуар салынып жатыр, олардың екеуінің жеке қуаты 300 текшеметр, тағы екеуінің жеке қуаты 150 текшеметр болмақ. Кәріз жүйесінің де құрылысы басталып, 16 шақырымға тартылуға тиіс кәріз жүйесінің 8 шақырымының оры қазылып, оның 2 шақырымына құбыр

төселген. Сонымен бірге кәріз суларын тазартатын, қуаты тәулігіне 470 текшеметр болатын 2 станса салынады.

Жобада электр желісін жүргізу жұмыстары да қарастырылған. «17 шақырымдық электр тарату магистралды желісінің бойына 164 бағана орнатылды, қажетті кабельдер мен жиынтықтар дайындалды. Оған қоса, қуаты 6,3 МВт болатын 35/10 қосалқы станса салу жоспарланған. Қазір қосалқы стансаны іске қосуға керекті құрал-жабдықтар сатып алынып, Шымкент зауытынан жеткізілуде. Сөйтіп, электр таратудың магистралды желісін орнату мен негізгі қосалқы стансаның құрылысын қыркүйектің соңына дейін аяқтаймыз деп жоспарлап отырмыз. Бұдан соң 28 трансформаторлық подстанция жиынтығы орнатылады, соның 25-і тұтынушылардың қажеттілігі үшін жағалауға қойылады, — дейді мердігер компания басшысының орынбасары Имаммахмұт Шағырбаев.

Балқаш көлі жағалауының инфрақұрылымын дамыту халықтың сапалы демалысына ғана емес, кәсіпкерлердің бизнес жүргізуіне және жергілікті тұрғындарының жұмыспен қамтылуына оң ықпалын тигізеді анық. Қазір Лепсі ауылында 4 мыңға жуық адам тұрады. Соңғы жылдары халық саны тұрақтап қана қоймай, біртіндеп көбейіп келеді. Ауылға оралып, туған жерін түлетуге атсалысуды жөн көрген жастар да жетерлік. Солардың бірі жоғары оқу орнын бітіріп, жуырда туған жеріне оралған жас маман Төлеген Әлпейісов:

— І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетін бітіргеннен кейін қалада қалып жұмыс істеуіме мүмкіндік болды. Бірақ Балқаш жағалауын дамытудың жоспарын көрген соң бірден ауылға оралдым. Осындағы Ушинский атындағы мектепте мұғалім болып жұмыс істеймін. Қазір достарымызбен бірге туризм бағытында өз бизнес-жоспарымызды әзірлеудеміз. Алдағы уақытта арманымыз жүзеге асады деген ойдамын, — дейді.

Жалпы, Балқашқа апаратын «Мола-лы-Лепсі-Ақтоғай» учаскесіндегі 105-шақырымының құрылысы мен абақтандыру жұмыстары келесі туристік мерзім басталғанға дейін толығымен аяқталып, қолданысқа беріледі, ал биылғы жылдың аяғына қарай төменгі жабынымен автокөлік құралдары үшін ашылады. Ал Лепсі ауылынан Балқаш көлінің жағалауына дейінгі 27 шақырым автокөлік жолының қайта жаңғырту жұмысы аяқталып, іске қосылған.

1000-ҒА ЖУЫҚ ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Көктемгі су тасқыны кезінде зардап шеккен Атырау облысы Жылыой ауданының орталығы Құлсары қаласы біртіндеп қалыпты өмірге оралып келеді. Жақында ғана 984 отбасы «Халық» қоры арқылы баспаналы болды.

А **Баян ЖАНҰЗАҚ,**
Атырау облысы

Табиғаттың тосын апатынан зардап шеккен құлсарылықтарға Тимур Құлыбаев өзі жетекшілік ететін «Халық» қайырымдылық қоры арқылы көмек көрсеткен болатын. Атырау облысы әкімдігінің мәліметінше, «Халық» қоры арқылы су тасқынынан зардап шеккен құлсарылықтар үшін 30 миллиард теңге бөлінді. Бұл қаражаттың барлығы азаматтардың шоттарына аударылып, жаңа тұрғын үй салуға және үйлерді жөндеуге арналды.

«Жергілікті әкімдік тұрғындардың өтініштерін қабылдап, ең көп шығынға ұшыраған адамдардың тізімдерін ұсынды. Ал мүлкті бағалауды тәуелсіз сарапшылар жүргізді», — дейді Атырау облысы әкімінің баспасөз хатшысы Руслан Жұмағазиев.

Су тасқынынан зардап шеккендердің қатарында құлсарылық Қадырбек Қоспақов та бар. Оның үйін 5 сәуір күні тасқын су басқан. Жақында ғана Қадырбек ақсақал қос қабатты зәулім үй сатып алып, қоныстойын тойлады.

болды. Бірақ туған жер ыстық болады екен. Басқа қалаға көшіп кете алмадық. Сол себептен, Құлсарыдан екі қабатты коттедж сатып алдық», — деді Қадырбек Қоспақов.

Қазір оның отбасы жаңа баспанаға көшіп келді. Еске сала кетсек, бұдан бұрын Құлсары халқына үй сатып алуға, жөндеуге 70 млрд теңге аударылғанын хабарлаған болатынбыз.

Қазір Құлсарыда тасқыннан зардап шеккен тұрғындар үшін жаңа «Болашақ» деп аталатын ықшамауданы бой көтерді. Ол жерге 100 отбасы қоныстанады деп жоспарланып отыр. Атырау облысы әкімдігінің баспасөз қызметінің мәліметінше, «Болашақ» деп аталатын жаңа ауданға кезең-кезеңімен 100 отбасы қоныстанады. Тұрғын үйлерді қайта қалпына келтіру шаралары аясында Құлсарыда қыркүйек айында үйлер беріле бастайды. Мұнда қазір құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Баспасөз қызметінің хабарлауынша, әр үйдің көлемі 100 шаршы метрді құрайды. Үйлер 5 бөлмеден тұрады. Қазір 84 үйдің қабырға қалау жұмыстары аяқталып



«Тасқын әп-сәтте үйімізді шайып кетті. Тіпті, заттарымызды жинауға, киімдерімізді алуға үлгермедік. Абдырап қалмай, құжаттарымызды алып шыққанымна қуанам. Сөйтіп, санаулы минуттарда баспанамызды тастап кетуге мәжбүр болдық. Су деңгейі тез көтеріліп, 20 күнде үйіміз жарамсыз болып қалды. Сол себептен, көршілес Манғыстау облысындағы Боранқұл ауылына барып, уақытша паналадық. Кейін Жылыой аудандық әкімдігінен көмек берілді», — дейді Қадырбек Қоспақов.

Қадырбек ақсақалдың айтуынша, арнайы комиссия мүшелері бұрынғы үйіне зерделеу жүргізген. Бағалау комиссиясының мамандары оның үйін жарамсыз деп тануға шешім шығарған.

«Арнайы комиссияға құжаттарымызды тапсырғаннан кейін, өтемақы қаржысы бес күн ішінде арнайы есепшотыма түсті. Өтемақыға берілген қаржының мөлшері көңілімнен шықты», — дейді Қадырбек Қоспақов.

Ол өтемақы қаржысын алған соң жаңа баспананы Атырау, Ақтау және Ақтөбе қаласынан сатып алу нұсқасын қарастырған.

«Жаңа баспана іздеп, біраз жүріп қалдық. Өтемақы қаржысына өзге қалалардан үй сатып алатындай мүмкіндік

қалған, ал 57 үйдің шатыры жабылып жатыр. 35 үйде сылақ жұмыстары басталып, 43 үйге терезе орнатылған. Сонымен қатар жаңа үйлерге электр, су, кәріз желісі тартылған.

Мұнайлы өңірде су тасқынынан зардап шеккен 2 674 объектіге техникалық тексеру жүргізілген. Нәтижесінде, 100 жаңа үйдің құрылысы жүруде, 1 376 үй сатып алу туралы шешім қабылданып, 1 372-сі сатып алынды. Жөндеу жұмыстары жүргізілуге тиіс 1 198 үйдің 1 191-не жөндеу жұмыстары аяқталған.

«Бүгінде 6 шақырымға жуық жол қалыпқа келтірілді. Бұған бюджеттен 2,3 млрд теңге бөлінген», — дейді Жылыой аудандық ТҮКШ бөлімі басшысының міндетін атқарушы Бекет Бозжігіт.

Спикердің айтуынша, жұмыстар екі бригадаға бөлінуде. Тағы бір бөлігі — Ақкиізтоғай ауылдық округінің кірме жолы. Яғни, аудандық маңызы бар автокөлік жолдарына жөндеу жұмыстарын жүргізу үстінде. Сондай-ақ Құлсары қаласын абақтандыру жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Балалар ойын алаңы, спорт алаңы және демалыс саябағы салынуда. Бұл жұмыстарға 3,5 млрд теңге бөлінген.

Осылайша, тасқыннан кейінгі Құлсарыда жаңа өмір басталды.

ЭКСПЕДИЦИЯ

7 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕНБІ

«Ат ерін алмайтын жер екен. Бір түней кетемін деген адам бір жұма тоқтап қалады». Бұл – дала данасы Асан қайғының Баян тауын көргендегі айтқаны. AIQYN газеті ұжымының баяны тереңде жатқан Баянауылға сапары жаздың соңғы күндеріне тура келді. Ұзақ жол жүріп, өлкеге кірген мезеттен бастап тұмса табиғаттың құпиясы мен сұлулығы өзіне баурап алды. Расында, Жасыбай көлі, Қоңыр әулие үңгірі, Кемпіртас – сырға толы жұрттың сыйынатын орнына айналған. Баянауыл – барлық ауылдық округтерінің жер-су аттары қазақша аталатын теріскей аймақтардағы бірден-бір аудан.

Сымбат
БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

ТАРИХТЫ ҚОЙНЫНА
БАСҚАН БАЯНАУЫЛ

Жасыбай көліне тоқтап, табиғаттың тамаша көрінісіне тамсана қарап, ерек тастар қалашығы туралы білгенімізше ойымызды ортаға салып, бұйрат-бұйрат тастарды сонау тас ғасырынан пайда болған деп топшылады. Көл мен тау-тастар табиғатпен ерекше үйлесім тапқан. Жасыбай ешқандай өзен суына қосылмайтын тұйық көл болса да, жаз мезгілінде жағасы керемет демалыс орнына айналады. Мезгілдің соңы болғандықтан, көл жағасында суға түсетіндер азайып, балық аулауға шығатындар көбейген. Одан кейінгі бағыт – Жасыбай көлінен үш шақырым жерде Баянауылдың биік шоқыларының бірінде орналасқан Қоңыр әулие үңгірі. Өткенге көз салсақ, еліміздің кай өңірі болса да, өзіне тән киесі мен қасиеті барын ұғамыз. Дегенмен Қоңыр әулие үңгірін кейбірі Баянауылда десе, енді бірі Шыңғыстауда деп ойлайды. Ал біз Баянауылдағы Әулиетасқа (Қоңыр әулие үңгіріне) жол тарттық. 110 метр ұзындықтағы баспалдақтармен үңгірге қарай көтерілдік. Үңгір түкпірінде 2 метр биіктікте кішкентай су толы шұңқыр бар. Бұл су ауырғанға ем, сәби сұрағандардың тілегін орындаған қасиетті орын саналған. Үңгірден бүгінге дейін де мұндай ниеттілердің ізі суымапты. Үңгірдегі қуысқа кіру үшін кезекке тұрғандар көп. Тау басындағы үңгір туралы, оның не үшін Қоңыр әулие аталғаны баспалдақ бойымен көтерілер тұста жол жиегіндегі тақтаға жазылыпты. Онда: «...Топаң су басқанда Нұх пайғамбардың кемесінде орын болмай, Құлан, Қыран, Қоңыр әулиелер ағаштан сал жасап кемеге тіркеледі. Сол-



БАЯНАУЫЛ

БАЯНЫ

түстіктің ағынымен келе жатып, үш әулиенің салы тау-тасқа соғылып, үш жакқа кеткен. Қазіргі үңгірдің ішінде Қоңыр әулие мекендеген. Ол халықтың мұң-мұқтажын ойлап, ауру-сырқаудан аман-есен болуды, еліне денсаулық тілеген» деп жазылған.

Баянауылдан шыққан фило-соф Мәшһүр Жүсіп бұл жердің киесін «Әулиелердің Алладан пәрмен сұрайтын жері» деп атап, дәріптеген. Бір қызығы, осы Қоңыр әулие үңгірінде академик Қаныш Сәтбаев та болған.

Баянауылды «тастар қалашығы» деп атауға әбден негіз бар. Бұл тастар қазақ тарихын қойнына жасырып жатқанын да айта кеткеніміз жөн болар. AIQYN газетінің 15 маусымдағы №66 санында «Қайшыға түскен құндылық» тақырыбында жазылған мақалаға тарихшы Жамбыл Артықбаев мынадай дәйек келтірген-ді: «Кейбір кітаптардың өзгеріске ұшырап, қайта жазылған нұсқасы қолымызға тисе де, кейбірі баспаға жетпей, тау мен тастың астында қалды. Қарқаралы, Баянауыл, Көкшетауға барған экспедиция кезінде шолақ белсенділерден қорқып кітаптарды жойып жіберген адамдармен кездестім. Баянауылда молдаларға, бірқатар ғалымға шә-



кірт түскен ақсақалмен сөйлескенімде ұстазымен бірге біраз кітапты таудағы бір үңгірге жасырғанын айтқан-ды. Қателеспесем, бұл Қырықжылдық совхозы еді. Көкшетаудың Қарасу ауылында соғысқа қатысқан Жанғали төре деген кісі «Шоқанның екі арба кітаптарын көлге тастадық» деді. Мұндай көп әңгіме естідім. Әсіресе, араб емлесімен жазылған кітаптардың тағдыры өте аянышты».

Тарихшының келтірген нақты мысалдары Баянауылдың тасын көрген соң бірден ойымызға түсті. Мүмкін, тастардың арасынан біз білмейтін «жасырынған тарих» кездейсоқ кездесіп қалар деген үміт болғанымен, оның арнайы зерттеуді талап ететінін түсіндік.

ҚҰПИЯҢ НЕДЕ,
КЕМПІРТАС?

Баянауыл ұлттық паркі дегенде бірден әйгілі Кемпіртастың еске түсері хак. Жолсапардың екінші күні жұрттың аузында жүретін сол Кемпіртасқа табан тіредік. Бұл тас туралы аңыздың бірнеше нұсқасы бар екенін естігенбіз. Керекулік бір акын:



Әңгіме етіп отырған Баянауыл қазақ даласындағы ерекше табиғатымен ғана емес, халыққа еңбегі сіңген біртуар ұлы тұлғалар шыққан мекен болғанымен де ерекшеленеді. Шежірелі өлкеден 40-тан астам тарихи тұлға, би-шешендер, 22 академик шыққан.

«Көкжиектен бір сәтте көз аудармай, Әй, кейуана, кеттің-ау тасқа айналып. ...Жайыңды ұғам, тас кемпір, себебі мен Сен секілді айырылғам жалғыз ұлдан. ... Кемпіртас-ау, қайғыңды бөлісуге Тасқа айналап кетейін мен де сендей», – деп жырына қосыпты. Шын мәнінде, бұл тастың нағыз сыры неде жатқанын бүгінге дейін ешкім дөп басып айта алмайды. Аңыздардың бірінде Кемпіртас соғыстан оралмаған жалғыз баласын зарыға күте тасқа айналған ананың бейнесі делінсе, енді бір

анызда жергілікті тұрғындардың ерекше тұқымды жылқысын жер астынан шығып тартып алатын мыстан кейпінде сипатталады. Осы жұмбақ мүсіннің жанындағы биік шоқыларға шығып, әр қырынан бақылап көрсек, аңызда көбіне ана бейнесінде сипатталған Кемпіртас жас қыздың да бейнесіне ұқсайтыны байқалды. Кемпіртасты жағалай жүрген сайын биіктей түскен тастың үстінен Торайғыр жазығы жалпағынан көрініп жатыр. Бір қызығы, тас ортасында кішігірім көлшік бар. Бұл көлшік жаңбыр суының қалдығы ма, не болмаса табиғаттың тылсымы ма – бізге белгісіз күйде қала берді.

ҰЛЫЛАРДЫҢ МЕКЕНІ

Әңгіме етіп отырған Баянауыл қазақ даласындағы ерекше табиғатымен ғана емес, халыққа еңбегі сіңген біртуар ұлы тұлғалар шыққан мекен болғанымен де ерекшеленеді. Шежірелі өлкеде 40-тан астам тарихи тұлға, би-шешендер, 22 академик шыққан. Кеңес ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосқан академиктер Ә.Марғұлан, Шапық Шөкин, ғылым докторлары Ә. Бектұров, Е.Бекмаханов, С.Бейсембаевтар болса, Баянауыл жерінен шабыт алып қалам тербеген ақын-жазушылар Ж.Аймауытов, С.Торайғыров, К.Бекхожин, Қ.Исабаев,



